

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ардақты ағайын!  
Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!  
Бұл – күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл.  
Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.  
Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар беріп, бір-біріне ерекше құрмет көрсеткен.  
Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келеді.  
Мейірімділік айында халқымыз игі істерін еселеп, сауапқа кенеле берсін!  
Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!  
Ораза қабыл болсын!



№35  
(4468)  
Сенбі  
25 наурыз  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҚ БАСТАУЫ

Сұлтан СЕЙІТ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын елордалықтар ерекше атап өтті. Астана үш күн бойы мерекелік іс-шаралардың алаңына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамына арналған іс-шараларға қатысып, барша қазақстандықтарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

«Наурыз – жыл басы, халқымыз ежелден тойлаған көктем мерекесі. Бұл – халық асыға күтетін аса ерекше мейрам, қыстың ызғары қайтатын, көктем шуағын төгетін сәт. Табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын мезгіл. Еліміз өз-Наурызды әрдайым ырысты ынтымақтың бастауына балаған. Алыстаған ағайын Ұлыс күні татуласып, қайта қауышқан. Жұрт бір-біріне ақжарма тілектерін айтқан. Көпшілік ортақ дастарқаннан дәм татып, қариялар жастарға батасын берген. Бабаларымыз Наурыз тойын жасампаз еңбектің мейрамы санаған. Бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Елге пайдасы тиетін игі істер атқарған. Бір сөзбен айтсақ, Ұлыстың ұлы күні – жаңа өмірдің жаршысы» деді Президент.

2



## МЕРЕКЕЛІК 1000 КӨМЕК

Елордада Наурыз мерекесіне орай әлеуметтік көмекке мұқтаж 1000 отбасы азық-түлік жиынтығымен қамтамасыз етілді. Қайырымдылық акциясын Астана қаласы әкімдігімен Qazaq Oil сауда бренді және PetroRetail компаниясы бірлесіп жүзеге асырды.



Азық-түлік қораптарын ерік-тілер мен қарапайым тұрғындар жалғызбасты зейнеткерлер, ардагерлер, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылар, аз қамтылған отбасылардың және халықтың әлеуметтік осал топтарындағы басқа адамдардың үйіне жеткізді. Ең қажетті өнімдер – ұн, қант, май, макарон, қарақұмық, күріш және өзге тауарлар салынған жиынтықтар сегіз ауыр жүкке тиелді. Жалпы, осы акция аясында жыл соңына дейін әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға 4 мың дана азық-түлік жиынтығы тапсырылады.




1 наурыздағы жағдай бойынша елімізде жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120992 теңге болды.

Жиынтық зейнетақының ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 83089 теңге, базалық зейнетақы 37903 теңге болып отыр.

2023 жылғы қаңтарда республикалық бюджеттен 549,3 млрд теңге сомасына зейнетақы төленді, оның ішінде базалық зейнетақы – 168,7 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы 380,6 млрд теңгені құрады.

Биылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша елімізде зейнеткерлер саны – 2 млн 292 мың адам.



Ертең, 26 наурызда «Астана Арена» стадионында Қазақстан және Дания ұлттық құрамалары кездеседі.

2024 жылғы Еуропа чемпионаты іріктеу кезеңінің екінші турындағы Қазақстан – Дания кездесуіне төрешілер белгіленді. Матчта Новак Симонович бастаған сербиялық мамандар қазылық жасайды. Қазақстан құрамасы үшін бұл ойын маңызды болмақ, өйткені бірінші турда жерлестеріміз Словения құрамасынан 1:2 есебімен ұтылған болатын.

Дания құрамасымен ойын сағат 19:00-де басталады.

Кездесу «Qazsport» телеарнасынан тікелей эфирде көрсетіледі.

## ОРАЗА АЙЫНДА ЕЛОРДАДА МЕШІТТЕРГЕ ТҮНГІ ТЕГІН АВТОБУС ЖҮРЕДІ

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490.75 \$ USD/KZT 458.22 ₸ RUB/KZT 6.09 ¥ CNY/KZT 66.6

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҚ БАСТАУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы осыдан бір жыл бұрын тың бастама көтеріп, елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар ұсынғанын еске салды.

«Халық бұл бастамаларды қолдады. Біз жоспарымызды бір жылда табысты жүзеге асырдық. Референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгіздік. Билік жүйесін қайта жасақтау үшін маңызды саяси шаралар іске асырылды. Кеше ғана өткен Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы – бүкіл реформаларымызды алға бастайтын өте маңызды қадам. Бұл сайлау – ауқымды өзгерістердің лайықты жалғасы. Осылайша, мемлекетіміз жаңа саяси дәуірге қадам басты. Жалпы, еліміздің жаңа саяси келбеті қалыптасты. Тарихи сәт Ұлыстың ұлы күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Жаңа Қазақстанның бүгінгі бейнесі әз-Наурызбен толық үндеседі, яғни Ұлыстың ұлы күнінде қасиетті Отанымыз мүлде жаңа сипатқа ие болды. Мұны дүние жүзінің көптеген елдері мойындап отыр. Енді саяси жүйесі толық жаңғырған еліміз тың қарқынмен дамиды. Бұл реформалар экономиканың өсуіне, халық табысының артуына жол ашады. Реформаларымыз міндетті түрде жалғасын табады. Біз жан-жақты дамыған қуатты мемлекет боламыз. Бұл – негізгі мақсатымыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жасампаз халқымыздың келешегі жарқын болатынына сенім білдіретінін айтып, мемлекеттің мүддесі бәрін биік екеніне назар аударды. Президент ел болашағы өскелең ұрпақтың қолында екенін атап өтіп, отандастарымызды еліміздің дамуына үлес қосуға шақырды.

«Бірлік түбі – береке» дейді халқымыз. Қоғамда келісім және татулық болса, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Осы жолда бәріміз бір кісідей жұмылайық, ардақты ағайын! Быыл қасиетті Рамазан айы Ұлыстың ұлы күнімен қатар келді. Ораза ұстайтын жамағаттың ниеті қабыл болсын! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып, бақ дарысын! Жаңа жыл құт-береке әкелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясына қатысты. Акцияның мәні – наурыз айы бойына халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсетіп, көпбалалы отбасылардан, мүмкіндігі шектеулі жандардан, зейнеткерлерден келіп түскен хаттарда жазылған өтініш-тілектерді орындау. «Астана» жастар ресурстық орталығының еріктілері Мемлекет басшысынан сандықтан алғашқы хатты алып оқуды сұрады. Қасым-Жомарт Тоқаев хат иесінің тілегі орындалатынын жеткізіп, осынау игі істі бастаған жастарға ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылған «Жеті қазына» мәдени-спорт іс-шарасына қатысты. Алдымен Президент тазы иттердің көрмесін тамашалады. «Nomad» ұлттық саятшылық» қоғамдық қорының төрағасы Болат Құнанбаев тазыны сақтау, өсіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Мемлекет басшысы тазыны халықаралық деңгейде дәріптеу қажет екенін айтты.

«Құмай тазы – ерекше жануар, қазақтың жеті қазынасының бірі. Біз тазы мен төбет иттерді халықаралық деңгейде кеңірек дәріптеуіміз керек. Сыртқы істер министрлігі де міндетті түрде атсалысуға тиіс. Тазыға ерекше күтім, қамқорлық қажет. Бұл маңызды іс кәсібилікті талап етеді. Сол үшін арнайы заң қабылдадық» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Nomad Stunts тобының өнерін тамашалады. Каскадерлер аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, садақ ату сияқты ұлттық ойын түрлері мен көшпенділердің әскери шеруін көрсетті. Nomad Stunts тобының жетекшісі Жайдарбек Күнғожинов Мемлекет басшысына 2020 жылы каскадерлерге берілетін Taurus World Stunt Awards жүлдесін жеңіп алғанын айтты. Президент қазақтың қайсарлығы мен ұлттық спортшымызды әлемдік кинематографияда дәріптеп жүрген Nomad Stunts тобына сәттілік тілеп, Жайдарбек Күнғожиновке ер-тоқым сыйлады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған отандық өнер жұлдыздарының концертін тамашалады. «Қазақстан» орталық концерт залында белгілі әншілер Роза Рымбаева, Майра Мұхамедқызы, Мейрамбек Беспәев, Рухия Байдүкенова, Әлішер Кәрімов, Қанат және Светлана Айтбаевтар, сондай-ақ Астана қаласының эстрадалық-симфониялық оркестрі, Жас көрермен музыкалық театрының солистері және басқа да өнерпаздар ән шырқанды. Концертке композитордың жұбайы Жәмила Қалдаяқова да құрметті қонақ ретінде қатысып, ұлы Мұхтар мен немересі Айсұлу Қалдаяқовтар өнер көрсетті.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГРОССМЕЙСТЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласы шахмат федерациясының құрметті президенті Динара Сәдуақасованы қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен шахматтан әйелдер арасында халықаралық гроссмейстер Динара Сәдуақасова елімізде шахматты дамыту жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысына Динара Сәдуақасова елімізде шахматтың танымалдылығын арттыру үшін атқарылып жатқан

жұмыстар және келешектегі жоспары жөнінде баяндады. Оның айтуынша, балалар арасында шеберлік сағаттары мен квалификациялық турнирлер ұдайы ұйымдастырылып тұрады.

Президент Динара Сәдуақасованы былтыр жыл соңында Алматыда өткен әлем

чемпионатында шахматтың рапид түрінен күміс медальға қол жеткізуімен тағы да құттықтап, шахматшыларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі шахматшыға алдағы жарыстарда сәттілік тіледі.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АТЫНАН СЫЙЛЫҚ ТАБЫСТАДЫ

Елімізде «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы өтіп жатыр. Шара аясында Астана әкімі Жеңіс Қасымбек елордалық Гүлжахан Сыдықовамен кездесіп, Мемлекет басшысының атынан сыйлық табыстады.

Осыған дейін Мемлекет басшысы акцияға қатысушылармен кездесіп, сандықшадан хаттардың бірін таңдаған болатын. Өтініште Астана тұрғыны Гүлжахан Сыдықованың тонометр сұрағаны туралы жазылған.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек елордалық Гүлжахан

Сыдықовамен кездесіп, Мемлекет басшысының атынан тонометрді табыстады. Сондай-ақ оған материалдық көмек көрсетіліп, санаторийге жолдама берілді.

Гүлжахан Сыдықова Президент пен «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясына қатысушыларға алғысын білдірді.

«Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы аясында еріктілер мен белсенді азаматтар халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарына: көпбалалы отбасылардың, ерекше қажеттіліктері бар жандардың, зейнеткерлердің және т. б. өтініші мен тілегін орындауға көмектесуде.



СУБЕЛІ СӨЗ

«» Наурызбай ТАҒАНҰЛЫ, ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти:

Шариғат бойынша балиғат жасына толған, дені сау адам ораза ұстауға міндетті. Ал балаларға келсек, егер балиғат жасқа толмаса, міндетті емес. Ораза ұстау, намаз оқу біреуге көрсету үшін жасалатын құлшылық емес. Мен өзім он жасымнан бастап ауыз бекіткенмін. Ол кезде тіпті ата-анамыз ұстамайтын. Алғашында үш күннен бастап, кейін толықтырып ұстап үйрендік. Яғни балиғат жасына толмастан ұстадық. Егер

бір бала балиғатқа толмай ұстаймын десе, денсаулығына зиян келмесе, басқа да қиыншылықтар тудырмаса, оны жазалау да дұрыс емес. Бізге «мектепте ұйықтап жатты» деп хабарласқан адамдар болды. Әрине, бала әлсіресе, сабағы дұрыс болмаса, өзі балиғат жасына толмаса, баланың денсаулығына зиян тигізу дұрыс емес. Ал балиғат жасына толған адамға ораза ұстау қиындық тудырмайды.

(24.03.2023 ж. БАҚ-қа берген сұхбатында айтқан сөзі)

## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады.

Мемлекет басшысына «Астана» халықаралық қаржы орталығының инновациялық қаржы өнімдері мен қызметтерді дамыту, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру, сондай-ақ АХҚО-ның жаңарған даму стратегиясы аясында негізгі бизнес-серіктестермен өзара байланыс жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына ор-

нықты қаржыландыру құралдарының аясын одан әрі кеңейту және еліміздің көмірсутегі бейтараптығына жету мақсатын қаржыландыруды жүзеге асырудағы орталықтың рөлі жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шетелден инвестиция тарту үшін қажетті инфрақұрылым құрып, жағдай жасауда, сондай-ақ қор нарығы мен ел экономикасын

дамытуда АХҚО-ның маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Кездесу соңында Президент орталықтың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігіне, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік дәлізі секілді маңызды инфрақұрылым жобаларына ауқымды инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау керек екеніне назар аударды.



## 2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

1. 2023 жылғы 19 наурызда Астана қаласы мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы өтті.

Сайлаушылардың тізімдеріне 788 931 азамат енгізілді. Дауыс беруге 332 694 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерде 519 сайлаушы дауыс берді.

Кандидаттардың жалпы саны – 143. Астана қаласы мәслихаты депутаттарының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайлаудың мынадай қорытындылары белгіленді:

### № 1 сайлау округі бойынша

Жанатай Н.А. үшін сайлаушылардың 3 923 дауысы берілді  
Қасен А.Қ. үшін сайлаушылардың 1 175 дауысы берілді  
Сәпенов Қ.Т. үшін сайлаушылардың 6 768 дауысы берілді  
Сергеев В.А. үшін сайлаушылардың 10 610 дауысы берілді  
Хабылбеков Е.Ж. үшін сайлаушылардың 1 183 дауысы берілді  
Хутиев И.М. үшін сайлаушылардың 1 340 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 3 436

### № 2 сайлау округі бойынша

Атыбай Б.Қ. үшін сайлаушылардың 617 дауысы берілді  
Ауезов М.Қ. үшін сайлаушылардың 792 дауысы берілді  
Әкімов Д.С. үшін сайлаушылардың 539 дауысы берілді  
Байсеркина Д.С. үшін сайлаушылардың 4 982 дауысы берілді  
Боқан Д.М. үшін сайлаушылардың 590 дауысы берілді  
Гойко Ю.В. үшін сайлаушылардың 802 дауысы берілді  
Есімов Д.С. үшін сайлаушылардың 1 658 дауысы берілді  
Жандідаев Б.Б. үшін сайлаушылардың 1 760 дауысы берілді  
Жұмабаева С.С. үшін сайлаушылардың 610 дауысы берілді  
Кішкенбаев Б.Ж. үшін сайлаушылардың 522 дауысы берілді  
Құлмағамбетов А.М. үшін сайлаушылардың 520 дауысы берілді  
Нурпеисов Д.Н. үшін сайлаушылардың 601 дауысы берілді  
Рахымғалиев Ж.М. үшін сайлаушылардың 502 дауысы берілді  
Шайхыстанов Г.Қ. үшін сайлаушылардың 512 дауысы берілді  
Шәкенов Қ.Н. үшін сайлаушылардың 301 дауысы берілді  
Ысқақов Н.Ы. үшін сайлаушылардың 493 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 3 220

### № 3 сайлау округі бойынша

Әділ А.С. үшін сайлаушылардың 636 дауысы берілді  
Әлиев Қ.Х. үшін сайлаушылардың 324 дауысы берілді  
Баубек Н.А. үшін сайлаушылардың 313 дауысы берілді  
Бекбосынов А.А. үшін сайлаушылардың 291 дауысы берілді  
Беркамалов С.Н. үшін сайлаушылардың 306 дауысы берілді  
Зекейұлы Ж. үшін сайлаушылардың 487 дауысы берілді  
Мұқатаева А.С. үшін сайлаушылардың 1 390 дауысы берілді  
Өмірзақов А.Т. үшін сайлаушылардың 3 458 дауысы берілді  
Сайынов М. үшін сайлаушылардың 255 дауысы берілді  
Сегізбай А.Т. үшін сайлаушылардың 1 371 дауысы берілді  
Слаббеков Ә.Ж. үшін сайлаушылардың 204 дауысы берілді

Түсіпбекова Ә.М. үшін сайлаушылардың 1 377 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 4 710

### № 4 сайлау округі бойынша

Әжікенова М.Б. үшін сайлаушылардың 5 925 дауысы берілді  
Еркетаев М.Д. үшін сайлаушылардың 1 073 дауысы берілді  
Жанқонақов Б.М. үшін сайлаушылардың 385 дауысы берілді  
Жомартова Г.Б. үшін сайлаушылардың 502 дауысы берілді  
Нұржаубеков А.Б. үшін сайлаушылардың 404 дауысы берілді  
Тәтиев Б.Б. үшін сайлаушылардың 361 дауысы берілді  
Тойкебаева Б.Ж. үшін сайлаушылардың 899 дауысы берілді  
Шақаев М.М. үшін сайлаушылардың 1 302 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 5 434

### № 5 сайлау округі бойынша

Аблезов М.С. үшін сайлаушылардың 1 675 дауысы берілді  
Айтқожин А.С. үшін сайлаушылардың 3 372 дауысы берілді  
Балтабаев М.Р. үшін сайлаушылардың 413 дауысы берілді  
Едресов Қ.М. үшін сайлаушылардың 423 дауысы берілді  
Еркін А.Қ. үшін сайлаушылардың 456 дауысы берілді  
Өтегенов А.С. үшін сайлаушылардың 553 дауысы берілді  
Сәулен Н. үшін сайлаушылардың 460 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 4 268

### № 6 сайлау округі бойынша

Айтпаев Б.О. үшін сайлаушылардың 1 252 дауысы берілді  
Батыр М.Қ. үшін сайлаушылардың 958 дауысы берілді  
Бөлен Х.Ы. үшін сайлаушылардың 1 169 дауысы берілді  
Көпешов Н.М. үшін сайлаушылардың 6 731 дауысы берілді  
Нұрғалиев Ж.С. үшін сайлаушылардың 1 264 дауысы берілді  
Нұрқабекова Қ.Н. үшін сайлаушылардың 1 581 дауысы берілді  
Сәліков Ж.Д. үшін сайлаушылардың 1 317 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 673

### № 7 сайлау округі бойынша

Женалаева С.М. үшін сайлаушылардың 7 689 дауысы берілді  
Жаңабеков Қ.Қ. үшін сайлаушылардың 3 659 дауысы берілді  
Льанов Х.М.М. үшін сайлаушылардың 1 279 дауысы берілді  
Сәрсен Д.С. үшін сайлаушылардың 1 535 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 639

### № 8 сайлау округі бойынша

Әбдірахманов А.С. үшін сайлаушылардың 1 027 дауысы берілді  
Ахметкереев А.Қ. үшін сайлаушылардың 953 дауысы берілді  
Жанболат А.Ж. үшін сайлаушылардың 1 541 дауысы берілді  
Естек Қ.Ғ. үшін сайлаушылардың 6 908 дауысы берілді  
Қоғабай Ә.Ж. үшін сайлаушылардың 485 дауысы берілді  
Рахымжанова А.Х. үшін сайлаушылардың 2 452 дауысы берілді  
Томпиев Е.Қ. үшін сайлаушылардың 1 539 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау

бюллетеньдер саны – 2 748

### № 9 сайлау округі бойынша

Аманжол М. үшін сайлаушылардың 957 дауысы берілді  
Ахметов А.О. үшін сайлаушылардың 1 691 дауысы берілді  
Әбдірайымов Е.Ж. үшін сайлаушылардың 393 дауысы берілді  
Әбілқайыр С.Е. үшін сайлаушылардың 1 873 дауысы берілді  
Ермұхан Г.С. үшін сайлаушылардың 535 дауысы берілді  
Жүзбай А.Қ. үшін сайлаушылардың 631 дауысы берілді  
Күтібаев Т.Ж. үшін сайлаушылардың 418 дауысы берілді  
Лян А.Л. үшін сайлаушылардың 983 дауысы берілді  
Назаров А.В. үшін сайлаушылардың 835 дауысы берілді  
Николаев С.Ю. үшін сайлаушылардың 776 дауысы берілді  
Разбекова-Төлеуханова Л.М. үшін сайлаушылардың 5 186 дауысы берілді  
Төлеген Б. үшін сайлаушылардың 6 128 дауысы берілді  
Тұлтабаев М.Ш. үшін сайлаушылардың 634 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 905

### № 10 сайлау округі бойынша

Бекішева Р.М. үшін сайлаушылардың 1364 дауысы берілді  
Мүсілім Н.С. үшін сайлаушылардың 9 166 дауысы берілді  
Оқубай Т.А. үшін сайлаушылардың 1 015 дауысы берілді  
Өтебаева М.М. үшін сайлаушылардың 4 775 дауысы берілді  
Сандыбекова Н.Ә. үшін сайлаушылардың 1 936 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 1 226

### № 11 сайлау округі бойынша

Ақтаев Ж.Б. үшін сайлаушылардың 1 756 дауысы берілді  
Ақылбекова М.Ә. үшін сайлаушылардың 1 281 дауысы берілді  
Бақыт Ұ. үшін сайлаушылардың 873 дауысы берілді  
Бекмағанбетов Ж.С. үшін сайлаушылардың 915 дауысы берілді  
Ғалиақбар С.М. үшін сайлаушылардың 792 дауысы берілді  
Мұхамбетқызы Ж. үшін сайлаушылардың 656 дауысы берілді  
Орынбасаров А.М. үшін сайлаушылардың 8 986 дауысы берілді  
Өстемір Ж.И. үшін сайлаушылардың 771 дауысы берілді  
Түсіпов С.Т. үшін сайлаушылардың 3 349 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 3 233

### № 12 сайлау округі бойынша

Антаева Г.Қ. үшін сайлаушылардың 736 дауысы берілді  
Әбенев Е.Б. үшін сайлаушылардың 868 дауысы берілді  
Батталов Е.Ж. үшін сайлаушылардың 955 дауысы берілді  
Бимұқанов А.Ж. үшін сайлаушылардың 3 815 дауысы берілді  
Жанкина Ж.Қ. үшін сайлаушылардың 761 дауысы берілді  
Зейдалиев Қ.М. үшін сайлаушылардың 629 дауысы берілді  
Самидин С.С. үшін сайлаушылардың 7 902 дауысы берілді  
Смакова А.Д. үшін сайлаушылардың 3 087 дауысы берілді  
Тілеубаев А.Е. үшін сайлаушылардың 782 дауысы берілді  
Шалбосынов Қ.Ә. үшін сайлаушылардың 671 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар

сайлау бюллетеньдер саны – 3 529

### № 13 сайлау округі бойынша

Әбілдин Д.С. үшін сайлаушылардың 2 419 дауысы берілді  
Болысбек З.Б. үшін сайлаушылардың 1 481 дауысы берілді  
Жолдабекова А.А. үшін сайлаушылардың 1 764 дауысы берілді  
Мархабай А.Ө. үшін сайлаушылардың 1 406 дауысы берілді  
Тәжімуратов Ғ.Қ. үшін сайлаушылардың 9 196 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 866

### № 14 сайлау округі бойынша

Әлібай Б.Б. үшін сайлаушылардың 742 дауысы берілді  
Бердлин Е.С. үшін сайлаушылардың 2 514 дауысы берілді  
Зикирин А.Д. үшін сайлаушылардың 1 581 дауысы берілді  
Көмекова Ә.Қ. үшін сайлаушылардың 1 064 дауысы берілді  
Лория Д.Г. үшін сайлаушылардың 8 178 дауысы берілді  
Нәбиев М.Ә. үшін сайлаушылардың 1 139 дауысы берілді  
Нурмағамбетов Н.А. үшін сайлаушылардың 1 023 дауысы берілді  
Омарханов Б.С. үшін сайлаушылардың 689 дауысы берілді  
Смағұлов М.Х. үшін сайлаушылардың 965 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 854

### № 15 сайлау округі бойынша

Әсриев А.А. үшін сайлаушылардың 1 349 дауысы берілді  
Еңсебаев Д.М. үшін сайлаушылардың 1 752 дауысы берілді  
Қожабаев Ж.А. үшін сайлаушылардың 1 429 дауысы берілді  
Нартаева Ә.К. үшін сайлаушылардың 934 дауысы берілді  
Сейітман С.М. үшін сайлаушылардың 2 128 дауысы берілді  
Смайылов Б.А. үшін сайлаушылардың 7 201 дауысы берілді  
Шайлазимова Д.С. үшін сайлаушылардың 1 463 дауысы берілді  
Усупова А.Т. үшін сайлаушылардың 1 298 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 3 092

### № 16 сайлау округі бойынша

Арыстамбеков Б.С. үшін сайлаушылардың 1 007 дауысы берілді  
Арықбаев Т.М. үшін сайлаушылардың 893 дауысы берілді  
Берденов Б.Қ. үшін сайлаушылардың 1 150 дауысы берілді  
Ергалиев Т.Ф. үшін сайлаушылардың 7 605 дауысы берілді  
Лакисов В.В. үшін сайлаушылардың 1 421 дауысы берілді  
Солсанов К.Б. үшін сайлаушылардың 6 467 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 3 008

### № 17 сайлау округі бойынша

Абдрахманова Л.К. үшін сайлаушылардың 2 037 дауысы берілді  
Ахматов М.И. үшін сайлаушылардың 498 дауысы берілді  
Әбілдинов Б.Р. үшін сайлаушылардың 724 дауысы берілді  
Әбдірәш А.Ә. үшін сайлаушылардың 1 041 дауысы берілді  
Байтуров Е.Қ. үшін сайлаушылардың 677 дауысы берілді  
Батырханов М.Е. үшін сайлаушылардың 795 дауысы берілді  
Жақсыбаев Ж.Т. үшін сайлаушылардың 641 дауысы берілді

Клименко О.Г. үшін сайлаушылардың 1 027 дауысы берілді

Мавланова Д.Қ. үшін сайлаушылардың 750 дауысы берілді  
Рахмет Ж.Қ. үшін сайлаушылардың 4 294 дауысы берілді  
Сыдықбек О.Д. үшін сайлаушылардың 2 491 дауысы берілді  
«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 2 108.

2. Астана қаласы мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттары сайлауының қорытындысы бойынша мыналар сайланды деп есептелінеді:

№ 1 сайлау округі бойынша – Сергеев Владислав Алексеевич, 1984 жылы туған, Астана қаласы мәслихаты VII шақырылымының депутаты, Астана қаласында тұрады;

№ 2 сайлау округі бойынша – Байсеркина Динара Сатжанқызы, 1974 жылы туған, «№ 6 қалалық емхана» ШЖҚ МКК директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 3 сайлау округі бойынша – Өмірзақов Азамат Тұрсынбекұлы, 1988 жылы туған, «O AZAMAT GROUP» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 4 сайлау округі бойынша – Әжікенова Мәдина Берікболқызы, 1980 жылы туған, «Бөбек Медина» ЖШС құрылтайшысы, Астана қаласында тұрады;

№ 5 сайлау округі бойынша – Айтқожин Азамат Серікұлы, 1975 жылы туған, Астана қаласы «Алматы» ауданы «AMANAT» партиясының төрағасы, Астана қаласында тұрады;

№ 6 сайлау округі бойынша – Көпешов Нұрлан Маратұлы, 1988 жылы туған, «Астана-Энерго» АҚ басқарма төрағасы, Астана қаласында тұрады;

№ 7 сайлау округі бойынша – Женалаева Салтанат Мұқанбетпанақызы, 1982 жылы туған, «Эндохирургиялық клиникасы» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 8 сайлау округі бойынша – Естек Қанат Ғалымжанұлы, 1972 жылы туған, «Асыл қазына НС» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 9 сайлау округі бойынша – Төлеген Бахаргүл, 1969 жылы туған, «Әдемі-ай рлс» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 10 сайлау округі бойынша – Мүсілім Нұрлан Сарбайұлы, 1977 жылы туған, «Saryarqa hold» ЖШС директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 11 сайлау округі бойынша – Орынбасаров Азамат Манасұлы, 1992 жылы туған, «Керуен Групп» ЖШС бас директоры, Астана қаласында тұрады;

№ 12 сайлау округі бойынша – Самидин Сәуле Самидинқызы, 1972 жылы туған, «SUN EVENTS» ЖШС директоры, «Saukele» ЖК, Астана қаласында тұрады;

№ 13 сайлау округі бойынша – Тәжімуратов Ғабит Қалиұлы, 1972 жылы туған, Қазақстан азаматтық авиация қауымдастығының президенті, Астана қаласында тұрады;

№ 14 сайлау округі бойынша – Лория Давид Григорьевич, 1981 жылы туған, «Астана қаласының футбол федерациясы» қауымдастығы» ЗТБ президенті, Астана қаласында тұрады;

№ 15 сайлау округі бойынша – Смайылов Бауыржан Амангелдіұлы, 1967 жылы туған, «Қалқаман-Недвижимость» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, Астана қаласында тұрады;

№ 16 сайлау округі бойынша – Ергалиев Талғат Файзоллаұлы, 1966 жылы туған, Қазақстан құрылысшылар одағының төрағасы, Астана қаласында тұрады;

№ 17 сайлау округі бойынша – Рахмет Жандос Қанатұлы, 1986 жылы туған, «Balaland.KZ» ЖШС бас директоры, Астана қаласында тұрады.

**Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**

## 2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 19 наурызда Астана қаласы мәслихатының партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы өтті. Сайлаушылардың тізімдеріне 788 931 азамат енгізілді. Дауыс беруге 332 694 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 519 сайлаушы дауыс берді.

Сайлауға 6 саяси партия қатысты. Саяси партиялар үшін дауыс саны: «AMANAT» партиясы – 227 307 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 68,78 %;

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық пар-

тиясы – 2 147 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 0,65 %;

«Respublica» партиясы – 5 401 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 1,63 %;

Қазақстан халық партиясы – 18 174 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 5,50 %;

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 18 154 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 5,49 %;

Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы – 56 045 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының

16,96 %;

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдерінің саны – 3 269.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының бес және одан көп процентін алған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттардың былайша бөлінгені белгіленді:

«AMANAT» партиясы – 12;

Қазақстан халық партиясы – 1;

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 1;

Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы – 3.

**Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**





# НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Құт пен ырыстың бастауы, әрбір жанның қалауын орындайтын әз-Наурыз тойы елордада ерекше өтті. Биыл елордада Наурыз мейрамы қаланың төрт ауданындағы ашық алаңдардың бәрінде және елді мекендерде атап өтілді. Мерекелік әндер барлық ауданда шырқалды, сол сияқты жұртшылық жаңа піскен бауырсақтан, наурыз көжеден дәм татты.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

## «НАУРЫЗ БАЗАРЫ» ЖӘРМӨҢКЕСІ

Наурыз күндері қаланың басты алаңдарында мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Байқоңыр ауданында киіз үйлердің көрмесі мен Ататүрік саябағында және Жазушылар аллеясында концерт өтті. Іс-шараларда қазақстандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Сондай-ақ, ашық аспан астында мерекелік көңіл күй сыйлау үшін түрлі түсті фотоаймақтар, алтыбақан ұйымдастырылды.

Жеке алаңда ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар өткізілді, оның ішінде – гир тасын көтеру, армрестлинг, арқан тарту, асық ату, қазақша күрес, қой көтеру және тағы басқалары бар. Сонымен қатар, Өндіріс, Кирпичный және Қазқалашық тұрғын алабында ашық ауада мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Есіл ауданының тұрғындары да Наурыз мейрамын ерекше атап өтті. Бірнеше қоғамдық кеңістік аумағында мерекелік концерттер ұйымдастырылып, киіз үйлер орнатылып, жұртшылыққа наурыз көже ұсынылды. Концерттік бағдарлама бірнеше тұрғын үй кешенінің аумағында да өтті. «Жағалау» ТК жанында әртістер, мектеп ансамбльдері өнер көрсетті.



21 наурызда елордалықтар және қала қонақтары «Қазақстан» ОКЗ-да «Әнім сен едің» концертін тамашалады. Еліміздің жетекші солистері мен заманауи эстраданың танымал әртістері қазақтың көрнекті композиторы Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындады.

21-23 наурыз аралығында ЭКСПО халықаралық көрме орталығының аумағында «Наурыз базары» шығыс жәрмеңкесі өтті. Тұрғындар этностильдегі жаңа коллекциялардан киім, зергерлік бұйым, керамикадан,

металдан, киізден, жібектен, қолдан жасалған бұйымдар, түрлі кәдесыйларды қолжетімді бағаға сатып алды. Сондай-ақ, мұнда елдің әртүрлі аймағынан шаруа қожалықтары мен тауар өндірушілердің өнімдері ұсынылды.

## «КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТ» ФЕСТИВАЛІ

Наурыз тойындағы бір ерекшелік сол – «Көшпелі өркениет» фестивалі қаланың барлық төрт ауданының аумағында

орналасты. Есіл ауданында ол ЭКСПО аумағындағы Nur Alem сферасының жанындағы ашық алаңда өткізілді. Фестиваль аясында ұлттық спорт түрлері бойынша – көкпар, бәйге, теңге алу, қыз қуу, қазақ күресі, арқан тарту, гир тасын көтеру, құмақ тағы жарысы және тағы басқа жарыстар Астанадағы Наурыз тойын қыздыра түсті.

Мерекелік іс-шаралар «Бәйте-рек» монументінің жанындағы алаңда, Пригородный және Үркер тұрғын алаптарында өтті. Сондай-ақ, Наурыз мейрамы Назарбаев орталығының, «Арнау», «Зеленый квартал» және «Жағалау» тұрғын үй кешендерінің аумағында, «Комфорт-1» коттедж қалашығында өткізіліп, тұрғындарға мерекелік керемет көңіл күй сыйлады.

Аудан аумағында орналасқан 9 СОО-ның әкімшілігі Наурыз мерекесіне орай түрлі іс-шара ұйымдастырды, оның ішінде киіз үй жасау бойынша шеберлік сыныбы, әртістердің қойылымдары, ұлттық ойындар, жәрмеңкелер, көрмелер, театрландырылған қойылымдар және т. б.

Наурыз мейрамы Сарыарқа ауданында орналасқан 4 қоғамдық кеңістікте ерекше атап өтілді. Ауданда мерекелік іс-шаралар 21 наурызда қала алаңында және Агроқалашық елді мекенінің алаңында өтті. Мұнда киіз үйлер, алтыбақан және фотоаймақтар орнатылды, дәстүрлі түрде ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар ұйымдастырылып, қонақтарға мерекелік тағамдар мен сусындар ұсынылды. Сондай-ақ мұнда кез келген адам садақ атып, бүркіт пен тазыны ұстап суретке түсті, қолдан жасалған бұйымдар жәрмеңкесі өткізілді.

22 наурызда мерекелік іс-шара-



лар «Көктал» және «Қорғалжын» саябағында өткізіліп, елордалықтарға ерекше әсер етті. Мұнда киіз үйлер, фотоаймақтар, алтыбақан орнатылып, концерт пен төттілер дайындалды, келушілер асық ату, қол күрес, арқан тарту, гир тасын көтеру жарысында өз шеберлігін көрсетті.

21-22 наурызда Алматы ауданында түркі және парсы халықтарының жаңа жылы – Наурыз мейрамы атап өтілді. Ауданда 15 орын дайындалған. Барлық алаңда мерекелік концерттер өткізіліп, ұлттық тағамдар үлестіріліп, ұлттық ойындар ойналды.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ КИІЗ ҮЙ ОРНАТЫЛДЫ

Наурыз мерекесіне орай

елордада ЭКСПО халықаралық көрме орталығының аумағында Nur Alem маңына жақын жерде көшпелі өркениет фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль алаңында этноауыл орнатылып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген қолөнершілер өздерінің шеберлігін көрсетіп, білімімен бөлісу үшін жиналды. Мұнда келгендер қолдан жасалған бұйымдарды тамашалап, ұлттық ою-өрнектер мен кесте, кілем тоқу, киізден жасалған көне тоқыма өнері, тіпті сауыт жасалған өнер, дизайн, анимация заттарын қамтитын Neo Nomad инновациялық киіз үйі орнатылды.





## 24 МЫҢ АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов пен елордалық Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Сәбит Жаманбаев өткен жылғы жұмысқа орналастыру қорытындылары мен 2023 жылға арналған жоспарлар туралы айтып берді.

– Елорда әкімдігінің басым міндетінің бірі – жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту. Жалпы, елорданың еңбек нарығындағы жағдай тұрақты және қатаң бақылауда. Жұмыссыздық деңгейі – 4,5%, бұл көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 0,3%-ға төмен, – деді Ерлан Жүсіпов.

Сонымен қатар, басқарма басшысының орынбасары кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның белсенді іске асырылып жатқанын жеткізді.

– 40513 жаңа жұмыс орны, оның ішінде 35981 тұрақты орын құрылды. Ұлттық жобаларды іске асыру аясында Астана қаласы бойынша 14211 жаңа жұмыс орны құрылды, жоспар бойынша 14180 орын құру көзделген болатын. Жұмыссыз азаматтар мен жұмыспен қамтылмаған халықты жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту мақсатында 62 бос орындар жәрмеңкесі өткізілді, – деді Ерлан Жүсіпов.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 2022 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 27,5 мыңнан астам адам, оның ішінде 17,9 мың жас қамтылды. Атап айтсақ, 12,4 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орнына 8362 адам орналастырылды. Олардың 3407-сі – жастар.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 350 адамға грант берілді. Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша 172 адам, оның ішінде 26 жас кәсіптік оқытудан өтті. «Бизнес бастау» жобасы бойынша 4320 адам, 2255 жас білімін жетілдірді. Сонымен бірге enbek.kz платформасында дағдыларға онлайн оқыту жүргізілді, осы іс-шараға 598 адам қатысты, олардың 196-сы – жастар.

Қалалық жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Сәбит Жаманбаевтың айтуынша, 2022 жылдан бастап «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларына қатысушылар жалақысының мөлшері 30 АЕК-ке дейін артты. Сонымен қатар, 2023 жылы жұмыспен қамту шараларымен елорданың 24 мыңнан астам тұрғынын, оның ішінде жастар арасынан 16,5 мыңнан астам адамды қамту жоспарланып отыр.



**ЖАСТАРҒА ЖЫЛДЫҚ 2,5%-БЕН ШАҒЫН НЕСІЕ БЕРУ МАҚСАТЫНДА 562 АДАМҒА 2,8 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. МИКРОКРЕДИТ МЕРЗІМІ – 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН, ЕҢ ЖОҒАРЫ СОМА – 5 МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН; НОМИНАЛДЫ СЫЯҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – ЖЫЛДЫҚ 2,5 ПАЙЫЗДАН АСПАЙДЫ**



**ӨТКЕН ЖЫЛЫ 40513 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 35981 ТҰРАҚТЫ ОРЫН ҚҰРЫЛДЫ. ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША 14211 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ, ЖОСПАР БОЙЫНША 14180 ОРЫН ҚҰРУ КӨЗДЕЛГЕН БОЛАТЫН**

– Жұмыссыз азаматтар мен жұмыспен қамтылмаған халықты жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту мақсатында 62 бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді. Жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған грант мөлшері 400 АЕК-ке дейін, яғни 1,2 млн теңгеге дейін ұлғайтылды, – деді Сәбит Жаманбаев.

Ағымдағы жылы жұмыспен қамту шараларымен 24 мыңға жуық адамды, оның ішінде 16,5 мыңнан астам жасты

қамту жоспарлануда. Алдағы жылы 55 мыңнан астамды, оның ішінде 10,3 мыңын ұлттық жобалар шеңберінде жұмыспен қамту көзделіп отыр.

Астана қаласы Жұмыспен қамту орталығы директоры орынбасарының айтуынша, 2023 жылға қала халқы жұмыспен қамту орталығы жастарға жылдық 2,5%-бен 5 млн теңгеге дейін шағын несиелерді жаңа тетігін енгізуді жоспарлап отыр.

Астаналықтар барлық қажетті ақпаратты Астана қаласы әкімдігінің czn.kz Халықты жұмыспен қамту орталығының ресми сайтынан, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі Instagram – czn\_astana, Facebook – @nursultanczn, Telegram – czn\_nursultan ресми парақшалар арқылы таба алады. Байланыс орталығының нөмірлері: 249-634, 249-664.

Елордада күн жылынып, жөндеу жұмыстарының жүргізіле бастауына байланысты Астанадағы Ш.Бейсекова көшесіндегі учаске жабылады.

## ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛЕДІ

Қалалық әкімдіктің мәліметінше, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Н.Тілендиев даңғылы мен Ш.Бейсекова көшесінің қиылысында екі деңгейде көлік айырығын салуды жүзеге асырады.

Жақында перспективалы көлік айырығы ауданында инженерлік желілерді салу, сондай-ақ көпір өткелінің темірбетон тіректерін орнату бойынша жұмыс басталады. Осыған байланысты жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 25 наурыздан бастап Н.Тілендиев даңғылының қиылысында

Ш.Бейсекова көшесі (С.Сейфуллин көшесі жағынан және «Сәлем» базары жағынан) бойынша көлік қозғалысы толығымен жабылады. Бұл шара қаланың ПД әкімшілік полиция басқармасымен келісілді.

«Көше бойында кептелістердің орын алуына жол бермес үшін елорда тұрғындары мен қонақтары қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлау керек. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жол-құрылыс жұмысын жүргізуге түсіністікпен қарауды өтініміз» делінген хабарламада.

## ЖАҢА ЕРЕЖЕ БЕКІТІЛЕДІ


Үй жануарларын ұстау және серуендетудің жаңа ережесін бекіту ұсынылды. Бұл туралы «Ашық» НҚА порталында жарияланған Экология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығында жазылған.

Жаңа редакцияға сәйкес, бұрын болмаған мына ережелер енгізіледі: вакцинацияланбаған және зарарсыздандырылмаған малды ұстауға жол берілмейді; кіреберістерді, баспалдақ торларын, лифтілерді, сондай-ақ ойын алаңдарын, жолдарды, тротуарларды үй жануарларының нәжісімен ластауға тыйым салынады. Үй жануарларының иесі нәжісті дереу тазалауға міндетті.

Әкімшіліктің келісімі бойынша қонақ үйге итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі. Үй жануарларын ұзақ уақыт қараусыз қалдыруға жол

құтыру мен басқа ауруларға қарсы міндетті тіркеуге, өңдеуге және вакцинациялауға жатады. Жаңадан сатып алынған жануарлар жануардың жеке тіркеу нөмірін ала отырып, 2 апта мерзімде тіркелуге тиіс.

Тасымалдау ережелерін сақтай отырып, жануарларды жер үсті көлігінің барлық түрімен тасымалдауға рұқсат етіледі. Иттер мен мысықтарды азық-түлікке тұтыну, осы жануарлардан сою немесе мертігу, денсаулыққа өзге де зиян келтіру жолымен өнімдер мен шикізат алу үшін өсіруге, күтіп-бағуға,



берілмейді. Ол жануардың түрі мен тамақтану, серуендеу және қарым-қатынас қажеттіліктеріне байланысты анықталады.

Бақылаусыз қалған ересек иттер үшін шекті мерзім 12 сағаттан, мысықтар үшін 48 сағаттан аспауы тиіс. Бақылаусыз қалған марғаулар мен күшіктер үшін уақыт олардың жасына және тамақтандыру мен күтімнің физиологиялық қажеттіліктеріне, сондай-ақ емізетін мысықтар мен иттердің болуына байланысты анықталады. Қарау мүмкін болмаған жағдайда, жануардың иесі немесе жауапты тұлға оны уақытша ұстауға үшінші тұлғаларға береді, зоологиялық қонақ үйге орналастырады. Ит иесі үй жануарларына бос жүру дағдыларын үйретеді, агрессияның көрінісін бақылайды, итті негізгі командаларға үйретеді.

Адамдарды немесе жануарларды тітесе және агрессия адамның немесе жануардың іс-әрекетінен туындаған болса, ветеринариялық емдеу ұйымының немесе осы аумаққа қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігердің рұқсаты бойынша иесі жануарды күнтізбелік 10 күн ішінде оқшауланған үй-жайда ұстау туралы жазбаша нұқаулық береді. Азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға тиесілі иттер ветеринарлық клиникаларда немесе ветеринарлық мекемелерде тұқымына қарамастан 3 айдан бастап

пайдалануға, сондай-ақ осындай өнімді өткізуге тыйым салынады. Жануардың иесі оны биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстауға, жануарға қамқорлықпен қарауға, оны тамақсыз және сусыз қалдырмауға, жануарға қатыездікке жол бермеуге және ауырған жағдайда уақытында ветеринариялық көмекке жүгінуге міндетті.

Иттер мен мысықтарды бақылаусыз асырауға жол берілмейді. Иттің, мысықтың иесі кинологиялық және фелинологиялық ұйымдарда тиісті тіркеуі бар немесе жануардың денсаулығына қарсы көрсетілген бар адамдардан басқа, оларды кастрациялау/зарарсыздандыру арқылы үй иттері мен мысықтарында қажетсіз ұрпақтардың пайда болуын болдырмау үшін шаралар қабылдауға міндетті. Иттің сатып алынғаны, жоғалғаны немесе өлгені туралы иесі тұрғылықты жері бойынша мамандандырылған ұйымдарға, ветеринариялық мекемелерге үш тәулік ішінде хабарлайды.

Жануардың өлекесі ҚР ветеринариялық нормаларына сәйкес кремациялау, кәдеге жарату немесе көму үшін 1 тәулік ішінде ветеринариялық мекемеге тапсырылады. Жануардың өлекесін лақтыруға тыйым салынады. Аталған ережелер қамтылған бұйрық 6 сәуірге дейін көпшілік талқылауда болады.





## ЕЛ ҮМІТІ – ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰЛАН

Кітап – адам ақыл-ойынан туындаған рухани байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын білім мен тәрбие беру құралы. Бүгінде ол өзінің тәрбиелік, білім беру қызметін атқарып отыр ма? Ақпарат ағымының алуан түрлілігі, әлеуметтік желілердегі қызықты контент оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын төмендетіп отыр.

Балалар ақпаратты кітаптан емес, YouTube, Google, Instagram, TikTok-тан алғысы келеді. 15-20 секундтық видео арқылы ақпаратты қабылдауға бейімделіп бара жатқан оқушыға зейінін тұрақтап, кітап оқу қиын. Фридрих Эберт қорының 2018 жылы жүргізген әлеуметтік зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, қазақстандық жастардың 78,6 пайызы мүлдем кітап оқымайды. Жастардың кітап оқымауы тек біздің ғана емес, алыс-жақын шетел мемлекеттерінің де үлкен мәселесіне айналған. Әр мемлекет бұл мәселені әртүрлі шешуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес барлық мектепте «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты – балаларды көркем әдебиет оқуға баулу. Жоба аясында мектепшілік «Қызықты оқылым» жобасы енгізілді. Бұл жобаның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра отырып, шығармалардың мазмұны негізінде олардың бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілік тәрбие беру. Мектепшілік жобаны жүзеге асыру барысында оқушылар ертегі, аңыз, жырлар, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, т. б. қазақ ақын-жазушыларының шығармаларымен қатар шетел әдебиетін де оқиды. Бұл жоба нақты шығармаларды оқуға бағытталған. Оған қатысушы сыныптар ай сайын ортақ бір шығарма оқып, оқыған шығармалары желісі бойынша әссе, сурет сайысы, викторина, дөңгелек үстел, оқырмандар конференциясына қатысады. Жыл сайын кітапты белсенді түрде оқып, барлық іс-шараға

қатысатын үздік сыныптар анықталады. Әр сыныптың жоба аясында өткізілген іс-шараларға қатысу белсенділігі қорытындыланып, нәтижесінде «Оқуға құштар сынып-2022» мүсіншісімен 4 «Б», 6 «Л», 6 «Б», 6 «В» сынып оқушылары мен жетекшілері Г.Мурасулова, А.Егімбаева, М.Оспанова, Б.Мұртазина марапатталды. Балалар кітап оқу бойынша, мектепшілік іс-шаралармен қатар, қалалық, аудандық жарыстарға да белсене қатысады. «Қызықты оқылым» жобасының белсенді қатысушысы, 6 «Л» сынып оқушысы Искандер Ихсанов Байқоңыр ауданы бойынша өткен «Кел, балалар, оқылық!» оқулар сайысында ІІ орын алды. Мектебімізде «Қоңырауда кітап оқы!» кітап оқу минуты енгізіліп, оқушылар әр аптаның сейсенбі күні қоңырауда кітап оқиды. Демалысқа шыққанда ата-анамен кітап оқу челленджи, ақын-жазушылармен кездесу, қаладағы кітапханаларға экскурсияға бару, әдеби кештерге қатысу сынды түрлі іс-шара «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жүзеге асырылып келеді. 3 «Ә», 4 «Б», 3 «И» сыныптарында BookCrossing кітап алмасу бұрышы ашылып, оқушылар өздері оқыған кітаптарын сыныптастарымен бөлісіп, ауыстырып оқуда. Болашақта барлық сыныпта кітап алмасу бұрышын ұйымдастыру жоспарлануда. Мектеп директоры К.Байсалбаев «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы бастамаларды қолдап, балалардың кітап оқып, сапалы білім мен саналы тәрбие алуына ерекше көңіл бөліп келеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру барысында тек шәкірттер ғана емес, педагогикалық ұжым да кітап

оқып, демалыс кезінде оқыған шығармаларын ұжыммен талқылайды. Сонымен қатар мұғалімдер «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қалалық сайыстарға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп жүр. Атап айтсақ, «Қызықты оқылым» жобасының үйлестірушісі, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі М.Бегжанова қалалық «Үздік пән мұғалімі-2022» сайысында «Оқырмандар конференциясы – оқырман сауаттылығын арттыру құралы» тақырыбында шебер-сынып өткізсе, бастауыш сынып мұғалімі К.Кажғалиева «Үздік авторлық бағдарлама» байқауында «Сказкотерапия» үйірме бағдарламасын ұсынып, ІІІ орын алды. Мұндай игі істерден өзін де шет қалмай, «Педагогикалық идеялар» фестивалінде «Оқырман күнделігі» авторлық жұмысын ұсынып, ІІІ орынға ие болдым.

Чех педагогы Ян Амос Коменский оқырман күнделігі оқылған кітаптардағы білімді жинақтаушы әрі сақтаушы екендігі жөнінде XVII ғасырда айтып кеткен. Оқырман күнделігі арқылы оқушылар қарым-қатынас дағдылары мен адамгершілік қасиеттерін жетілдіреді, есте сақтау қабілетін жетілдіреді, оқу мәдениетін қалыптастырады, өзін-өзі бақылауын күшейтеді. 3 «Ә» сынып оқушылары сынып жетекшісі Н.Булашеваның бастамасымен сыныптан тыс уақытта көркем шығармалар оқып, оқырман күнделігін жүргізуде. Баланың сабақтағы жалпы үлгерімін жақсарту үшін кітап оқудың, оқығанын талдап, оқырман күнделігіне жазудың пайдасы көп.

Мектептің мақсаты бәсекеге қабілетті жан-жақты тұлға тәрбиелеу болса, бәсекеге қабілетті тұлға – сыни ойлай білетін, оқу, жазу, талдау, саралау дағдылары қалыптасқан жан-жақты оқушы. Оқушыларға қазіргі заман талабына сай білім, тәрбие беруде «Оқуға құштар мектеп» жобасының маңызы зор.

**Әйгерім ХАМИТОВА,**  
№27 мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

### МЕКТЕПТЕГІ МУЗЕЙ

## ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ АТАСЫ

Астана қаласына қарасты Көктал елді мекенінде Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицейі бар. 2004 жылы ЮНЕСКО көлемінде академик Әлкей Марғұланның 100 жылдық мерейтойы аталып өтуіне байланысты ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі №690 қаулысымен мектепке Әлкей Марғұлан есімі берілді.

### Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

2005 жылы 29 желтоқсандағы Астана қаласы әкімінің №22-4-1132 қаулысымен «Әлкей Марғұлан атындағы №40 орта мектеп» мемлекеттік мекемесі болып аталды. 2006 жылы 11 мамырда академик Әлкей Марғұлан атындағы мемориалдық музейі ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметі арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып ашылды. Оның құндылығы сонда – қорда ғалымның көзі тірісінде пайдаланған құнды жәдігерлердің болуы. Музей қоры бірнеше рет толықты. «Ең алғаш рет 2006 жылы Алматыдағы ғалымның қара шаңырағында отырған қызы Дәлел Әлкейқызы әкесі туралы деректер мен көзі тірісінде тұтыңған құнды заттарды музейге тақиясы, қаламы, тарелкасы мен кесесін берді. Алматыдан мектеп мұғалімі Гүлнәр Елубаева алып келді» дейді мектеп музейінің меңгерушісі Сәуле Байдрахманова.

Музей ашылған кезде Дәлел апай келіп, археологиялық экспедицияға шыққанда киген құнды құлақшынның, мойынға салатын жылы шарфын, жылы жемпірін және Ыбырай Алтынсарин бейнеленген түкті кілемшені музейге берді. 2009 жылы мамырда Қазақ радиосының «Алтын қорынан» ғалымның сөйлеген сөзі жазып алын-

қара домбыраны бұрынғы мектеп директоры Ербол Ісләмұлына аманаттап тапсырды. Марқұм Ербол Ісләмұлының музейді жасақтауға, жалпы білім саласына сіңірген еңбегін ерекше атап өткен жөн.

«Пандемия кезінде көз жұмған білікті маман, іскер басшы, ұлтжанды азамат талай нәтижелі жұмысқа жетер еді» дейді көзін көргендер.

«2011 жылғы 11 наурызда ғалымның жеке кітапханасындағы кітаптары мен қолжазбалары, отбасына сыйлыққа берілген кәдесыйлары, жазу машинкасы, шапаны, костюм-шалбары, көйлегі, шұбат ішкен ағаштан ойған сырлы аяғы, суреттері музейдің құнды жәдігерлеріне айналды» дейді музей меңгерушісі Сәуле Жұмабекқызы.

2013 жылы 5 сәуірде Әлкей Хақанұлының он төрт томдық шығармалар жинағы, кітап оқуға пайдаланған лупасы, хрусталь вазасы, бет маскасы, портреті, ғалым оқыған және отбасына сыйға берілген кітаптар әкелінді.

Жалпы, мемориалдық музейдегі материалдар мынадай тақырыптар бойынша топталып, жинақтау жұмысы жүргізілуде:

- \* Әлкей Марғұлан және филология;
- \* Әлкей Марғұлан және тарих;
- \* Әлкей Марғұлан және этнография;
- \* Әлкей Марғұлан және шоқантану;
- \* Әлкей Марғұлан және археология.



ды, орталық мемлекеттік мұрағаттан көзі тірісінде түсірілген деректі фильмі алынды.

### МАРҒҰЛАН МҰРАСЫ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ

2010 жылғы мамыр айында ғалымның жұмыс бөлмесінде тұрған бес кітап сөресі, жұмыс столы, диваны, экспедицияға ұстаған республикалық, қалалық деңгейде және мектеп ішінде түрлі іс-шара өткізілді.

### ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Ғалымның кең-дария мұрасына иелік етіп, соңында қалған тұяғы Дәлел Әлкейқызы мектеп мұражайына құнды жәдігерлерді



Ғалымның үлкен байлығы – өмір бойы тіркеп жинаған кітапханасы. Онда екі жүзге жуық көркем әдеби және ғалымға сыйға берілген кітаптар бар.

Әлкей Марғұлан – қазақ археология ғылымының атасы, оның негізін қалаушы. Осыған байланысты «Беласар», «Сангуру» т. б. экспедицияларда түсірілген құнды фотосуреттер мен зерттеулер бар.

Әлкей Марғұлан – шоқантану ғылымының негізін қалаған ғалым. Өзінің естелігінде саналы ғұмырының 20 жылын Шоқанды зерттеуге арнағанын айтады. Соның айғағы ретінде Шоқан Уәлиханов мұраларының бес томдық жарыққа шығарып, қазақ ғылымының алға қарыштап дамуына әсер етті. Берілген материалдардың ішінде ғалымның Шоқанға байланысты қолжазбалар мен мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген дүниелері бар. Ерекше қызықтырғаны – Шоқанның әкесі Шыңғыстың 1860 жылы Петерборда оқып жүрген ұлына жазған хаты. Әкенің балаға қамқорлығы да, берген тәрбиесі де осы хатта көрініс табады.



**Ж**ұмабек Тәшенев кеңестік Қазақстан басшыларының шоғырында бар болғаны алты-ақ жыл жүрді. 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметіне тағайындалған ол 1961 жылы республика үкіметі басшылығынан босатылғанда 46 жаста ғана еді. Бірақ, сол 1955-1961 жылдар Қазақстанның ғана емес, әлем тарихында айрықша маңызды кезең болатын.

Біріншіден, тың игеру желеуімен қазақ ауылдарына ағылған славян ұлты өкілдерінің легі ай сайын артып, демографиялық ахуалды асықандырғаны, қазақ тіліне, мәдениетіне, баспасөзіне, оқу орындарына кереғар салмағын түсіргені көзге ұрып тұрды. Мұның арты ұлтсыздануға, тамырсыздануға ұласатынын қазақ оқығандары мен зиялылары ғана емес, дәстүрлі қоғам тәрбиесін көрген ауыл ақсақалдарына дейін сезінді. Билік басында жүрген Ж.Тәшенев ауылдан басталған мәңгірттенудің зіл батпан салмағын көрмей қалған жоқ.

Екіншіден, «халық жаулары» ретінде айыпталып, 1937-1938 жылдары атылғандарды жаппай ақтау басталғаны тарихи әділдік салтанаты еді. Осындай саяси үрдіс социалистік идеяның пәрменділігін, тартымдылығын әлсіретіп қана қойған жоқ, оған сенімсіздікпен қарауға түрткі болды. Социализмнің бесігіндей көрінген Мәскеу, Кремль, тіпті барша Ресей жойдасыз зорлық-зомбылыққа барғаны әшкереленіп, көзіқарақты қазақ зиялыларына тарих тағылымынан бұрынғыдан өзгеше пайым-тұжырымдарға бару қажеттігін алға тартты.

Сол кезде арнайы комиссияны басқарған Ж.А.Тәшенев қазақтың белгілі ғалымдары мен мемлекет қайраткерлерін абақтыдан босаттырды. Олардың қатарында атақты тарихшы Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағамбет Исмаилов, Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Мұқамаджан Қаратаев, Седіл Талжанов т.б. болды. Әділетсіз сотталған азаматтардың ісін ақтауы, өз қамқорлығына алуы – Жұмабек Тәшеневтің ерлігінің тек бір ғана көрінісі.

Үшіншіден, ХХ ғасырдың 50-60 жылдары межесінде әйгілі азаматтар – Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сатпаевтың ең көрнекті марапаты Ленин сыйлығын иеленуі ұлттық сана-сезімді дүр сілкіндірді. Ұлттық мақтаншытың өсуі мемлекеттік дербестік жайлы ойлауға жетеледі.

Міне, осындай тағдыр-анықтағыш сәтте Мәскеу билеушілерінің назарына іліккен, алғашқыда Н.С.Хрущевтің қолдауымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, Қазақстан министрлер кеңесінің төрағасы қызметтеріне жоғарылатылған Ж.Тәшенев социализмнің асқынған қайшылығын, азы-көпті жақсылығынан басқа орталықтың өктемдігі мен әділетсіздігін өз көзімен көре бастады. Әсіресе Б.Момышұлы мен Р.Қошқарбаевқа Кеңестер Одағының батыры атағын алып бере алмағаны жанына батты. Кеңестік биліктің екіжүзді табиғатынан жиіркенді.

Ол жол айырығында тұрды. Екінші бірін таңдауға мәжбүр болды. Бірінші таңдау – озбыр тоталитарлық жүйенің ережесі мен талабына көзсіз бағыну, айтқанынан шықпау. Бұл жолды таңдауы мүмкін емес еді. Екінші таңдау – Мәскеу билеушілерінің көңіліне жақынсып, мемлекеттік қызметі мен мүмкіншілігін қолдан келгенше халқының игілігіне жарату. Үшінші таңдау – басын тәуекелге тігіп, Қазақстан мүддесі мен болашағы үшін орталықпен айқасқа түсу.

Билік басына келген адам бұл орынға не үшін келгенін, қоғам алдындағы, ұлт алдындағы жауапкершілікті сезінуі тиіс. Бірақ, билікке мансап үшін келіп, «сен тимесең, мен тимен, бадырақ көз» деп жылы орында ұзақ отырды



## ТӘШЕНЕВ ТАҒДЫРЫ

Ұлы тұлғалардың тарихтағы рөлі қилы өлшемдермен анықталатыны белгілі. Біреулері ғылым мен техника саласында көз көріп, құлақ естімеген жаңалық ашуымен тарихқа енсе, екіншілері әдебиет пен өнердің үздік шығармаларын тудырумен атын мәңгілікке қалдырады. Ал саясат пен мемлекеттік билік саласында ұлыларға қойылатын талаптың, ұлылар қатарына кірудің өлшем-ұстанымы мүлде бөлек. Егер алдыңғылардың ұлылығы өзі өмір сүріп тұрған заманда ресми рәсімделусіз анықталып жатса, саясат пен мемлекеттік билік әлеміндегі ұлының ұлылығы әлденеше жылдар емес, ғасырлар өткеннен кейін мойындалуы, жемісін беруі мүмкін. Ұлт тарихы тағылымына сүйенер болсақ, ХХ ғасырдың алыптары Қаныш Сәтбаевтың, Мұхтар Әуезовтің, Шәкен Аймановтың, Мұрат Айтхожиннің, тағы басқалардың интеллектуалдық ерекше жаратылысы жаңалықтарымен, кітаптарымен олардың көзі тірісінде мойындалды. Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Смағұл Сәдуақасов, Халел Досмұхамедов аласұрған ХХ ғасыр басындағы саяси үдерістердің нағыз серкесі екенін тарих дәлелдеді. Қазақстанға, қазақ халқына сіңірген зор еңбегі енді ғана бағаланған, сондай таутұлғалардың қатарында Жұмабек Тәшеневтің болуы – тарихи заңдылық.

мақсат ететін басшылар да кездеседі. Ондай басшысымақтар үшін жылы орын мен жайлы автокөлік басты көрсеткіш болып саналады. Олар өздерінің қара басының амандығы мен қойын-қонышын толтырудан басқаны ойламайды.

Тәуелсіз еліміздің ақиқат тарихын, сол тәуелсіздік жолында күрескен аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен қызметін зерттеу – қазіргі таңда аса өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Кез келген мемлекеттің рухани негізі – халықтық патриотизм. Болашағымыз ескелең ұрпақты ұлттық сана-сезім, патриотизм рухында тәрбиелеу туралы айтақанда нақ осы мәселенің арқауы – халқымыздың талай сын сәттерде суырылып шыққан көсемдерін айтпау мүмкін емес.

Қазақстанның өтпелі де күрделі кезеңіндегі мәселелерді шешуге арналған Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің өмірі мен мемлекеттік қызметіне талдау жасап, баға беру, ел сүйіспеншілігіне бөленген мемлекеттік қайраткерді еңбегіне сай бағалап, халық санасында мәңгілікке қалдыру шаралары қолға алына бастады. Соңғы жылдары жекелеген тұлғалардың өмір жолындағы қасиетті де қасіретті қызметін арнайы зерттеу қолға алынды. Көптеген тарихи тұлғалар, асыл азаматтар тарихтағы өз бағаларын алып, бүгінде арамьзаға қайта оралғандай болды.

Бірақ ХХ ғасырдың 50-60-жылдар межесінде қазақ халқы үшін өлім мен өмір бетпе-бет келгендей күн туды. 1954-1960 жылдар аралығында алты жылда Қазақстанда Мәскеуден келген ұлты орыс төрт адам басшылық етті. Тың өлкесін құрап отырған солтүстіктегі бес облысты Ресей құрамына беру Кремльдегі талқылауға түсті. Соның алдында ғана

Ж.Тәшеневтің келіспегеніне қарамастан оңтүстік өңірінің біраз жерін Өзбекстанға беріп жіберген Мәскеу билеушілері Қазақстан Конституциясын белден басқан болатын. Ел мен жер мүддесін жеке басының қарекетінен жоғары қоятын Жұмабек Тәшенев бұл жолы шарт кетті. Сол тұста оның жақсылығын, іскерлігін, қарымын, батылдығын көрген Нұрмолда Алдабергенов, Сағадат Нұрмағанбетов, Сағындық Кенжебаев, Серік Қирабаев, Аманолла Рамазанов сынды азаматтар бүгінде ұлт тарихынан лайықты орын толық ала алмай отыр. Ал Тәшеневтің Қазақстан өнер қайраткерлері мен жазушыларға жасаған қамқорлығын осы күнге

“

Тәуелсіз еліміздің ақиқат тарихын, сол тәуелсіздік жолында күрескен аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен қызметін зерттеу – қазіргі таңда аса өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Кез келген мемлекеттің рухани негізі – халықтық патриотизм. Болашағымыз ескелең ұрпақты ұлттық сана-сезім, патриотизм рухында тәрбиелеу туралы айтқанда, нақ осы мәселенің арқауы – халқымыздың талай сын сәттерде суырылып шыққан көсемдерін айтпау мүмкін емес

дейін біздің ұрпақ ауыз толтырып, тамсанып айтып жүр.

Мәскеу шенеуніктері ұлттық құндылықтар мен ұлт болмысынан мақұрым болғандықтан, Жұмабек Тәшенев ұлт мүддесіне байланысты мәселелердің бәріне атсалысып отырды. Сол жылдары ұлттың мүддесін қорғайды деген Совминдегі А.Закарин мен Орталық Комитеттің идеология хатшысы Н.Жандилдиндерден мақал-мәтелдерді қарша борататын Жүмекеңнің, қазақ өнері мен әдебиетін білу деңгейі әлдеқайда биік болған.

Осындай шала-жансар шенеуніктердің алдында Ж.Тәшеневтің моральдық құқығы жоғары тұрды. Тәшенев ұлт мүддесіне байланысты мәселелердің бәріне дерлік қолдау көрсетіп жүрді. Осы тұрғыда Жұмабек Ахметұлының басшылығымен 1958 жылы желтоқсанда өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін ерекше атап өтуге болады. Сол онкүндік нәтижесінде Жүмекең өзінің беделін салып бес бірдей әртісімізге Қалибек Қуанышбаевқа, Ермек Серкебаев пен Роза Жамановаға, Шәкен Айманов пен Мұқан Төлебаевтарға КСРО Халық әртісі атағын алып беруге күш салды. Мұндай жағдай басқа Одақтас республикаларда өмірінде болмаған еді.

Ал енді Жұмабек Тәшеневтің Алматының қақ ортасында 121 пәтерлік жаңа үлгімен салынған үйді түгелімен өнер және мәдениет қайраткерлеріне бергізуі сол кездегі жағдайға байланысты феномен деу керек. Мұндай батыл шешімді өз ұлтының өнері мен мәдениетін ерекше бағалайтын және оған жаны аштың ұлтжанды азамат қана жүзеге асыра алады. Жұмабек Тәшенев сондай азамат екеніне ешкім дау айта алмайды. Ал енді сол үйге ие болу бақытына қол жеткізгендер тізімімен танысатын болсақ, олар: Илияс

Омаров, Бибігүл Төлегенова, Гүлфайрус Исмаилова, Кеукен Кенжетәев, Шабал Бейсекова, Жамал Омарова, Сейфолла Телғараев, Құрманбек пен Шолпан Жандарбековтар, Шара Жинеқұлова, Қапан Бадыров, Балғабек Қыдырбекулы, ғалымдар Әбді Тұрсынбаев, Ә.Ермеков. Жүмекеңнің осы жақсылығын тек қана Кеукен Кенжетәев ағамыз ғана еске алып жазыпты. Қалғандары әлі үнсіз. Ж.Тәшеневті жұмыстан алу үшін шақырылған Орталық партия комитетінің пленумында сөз алған пысықайлар осы жайтты Жүмекеңнің бетіне басуға тырысты.

Осы тұрғыда Жұмабек Тәшенев туралы түсірілген «Қазақстан» телеарнасынан көрсетілген деректі фильмге назар аудармасқа болмайды. Республиканың өнер қайраткерлеріне Тәшенев бергізген үйдің ауласында сұхбат алған телефильм түсірушілер сол үйде тұратын өнер қайраткерлерінің 40-тан асып, 50-ге жеткен балаларынан бұл үйді кім бергізгенін сұрағанда, бәрі бірдей орысша: «Не знаем кто дал квартиру и о таком человеке Ташеневе слухом не слышали» деп жауап берді. Қазіргі өмірдің парадоксы деген – осы. Сол пәтер алғандардың бірде бірі Тәшеневтің екі туып бір қалғаны емес. Олар – ұлтымыздың өнері мен әдебиетіне зор еңбек сіңірген қайраткерлер. Бірақ, есімдері бүкіл елге танымал азаматтар ұрпақтарына Тәшеневтің кім болғанын, басын тәуекелге тігіп, Қазақстан үшін қандай ерлік жасағанын айтуды қажет деп таппаған.

XX ғасырдың 50-60-жылдар межесінде қазақ халқы үшін өлім мен өмір бетпе-бет келгендей күн туды. Тың өлкесін құрап отырған солтүстіктегі бес облысты Ресей құрамына беру Кремльдегі талқылауға түсті. Соның алдында ғана Ж.Тәшеневтің келіспегеніне

қарамастан оңтүстік өңірінің біраз жерін Өзбекстанға беріп жіберген Мәскеу билеушілері Қазақстан Конституциясын белден басқан болатын. Ел мен жер мүддесін жеке басының қарекетінен жоғары қоятын Жұмабек Тәшенев бұл жолы шарт кетті. Сол тұста оның жақсылығын, іскерлігін, қарымын, батылдығын көрген Нұрмолда Алдабергенов, Сағадат Нұрмағанбетов, Сағындық Кенжебаев, Серік Қирабаев, Аманолла Рамазанов сынды азаматтар бүгінде ұлт тарихынан лайықты орын тауып отыр.

«Қазақ әдебиеті» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерін аударма газетке айналдырудағы қарсы ерекеті, ұлттық рух, намыс пен ұлттық құндылықтарды не үшін қорғады? Алматының бас көшесі Абай даңғылын салдырып, оның басында ұлы ақын ескерткішін орнаттырғаны халық жадында мәңгілік сақталатын тәлім. Билік басында сол кездерде Жүмекеңнен басқа азаматтар да болды, неге олар ұлтқа төнген осындай сәтте үнсіз қала берді. Жоқ әлде олар Тәшеневке сен ғана ұлтымызға бас-көз бол деп бірдеңелерін өткізіп қойды ма?

Тек әріден ойлайтын асылдың сынығындай Ғабит Мүсіреповтің «Біз ЦК емеспіз, біреуді бір орынан алып, бір орынға қоя алмаймыз. Жазушы деген халық кісіні мақтағанда өз жүрегінен орын береді. Менің жүрегімнің төрінен орын алатын, менің ер інім, еркек інім Жұмабектің қадамы құтты болсын» деген көрегендік жүрекжарды тілегі бүгіндері де әр қазақтың көңіліне қонымды сөз болып тұрғанын уақыт, тарих көрсетіп отыр. Өйткені елін, жерін тоталитарлық жүйенің озбырлығынан қорғап өткен Жұмабек Тәшенев сынды азаматымыз халықтың жүрегінен мәңгі орын алды деп ашық айта-тын заманға да жеттік.

Жұмабек Ахметұлы Тәшеневтің 100 жылдығына орай Астанада өткен «Ж.Тәшеневтің азаматтық ерлігі және қазіргі кездегі патриоттық тәрбие» атты ғылыми-практикалық конференция барысында Ж.Тәшенев тұлғасы, оның атқарған істері мен қалдырған мұрасы біздің жастарымызды бейжай қалдырмайтынына көз жеткіздік. Сонау шалғайдағы Аягөзден келген жас экономист Ертіс Нұрқасым «Ж.Тәшеневті ұлықтау – ұрпақтар парызы», Астанадағы №56 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Жібек Садырова «Ж.Тәшенев ерлігі – ұрпаққа үлгі», ал ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының түлегі Ерікболат Қабалдин «Туған жер үшін жан пиде» атты баяндама жасап, Жұмабек Ахметұлына байланысты тақырыптың біздің жастар арасында өте өзектілігін байқатты.

Мұндай феноменді ұлы Абай сөзімен айтқанда: «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей, Жүмекең біздің ұрпаққа қазақтың қасиетті қара жерін қалдырды, елін, жерін қызғыштай қорғау керектігін аманат еткен мәңгілік мұра қалдырды, небір қысымға төтеп беретін қазаққа тән қайсар мінез танытты, қандай бір қиын жағдайда болмасын басын тік ұстап, ұлттық болмыстың қайталанбас үлгісін паш етіп өтті.

...Жұмабек Тәшенев 1986 жылы дүниеден озды. Арада бірер апта өтісімен әйгілі желтоқсан көтерілісі алпауыт империя – Кеңестер Одағының іргесін шайқады. 1991 жылы тауелсіздік таңы атты. Азаттық аңсаған Тәшеневтей қазақ перзенттерінің арманы орындалды. Бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен тәуелсіздік тұғыры өркенін жая бастады.

**Мейрам БАЙҒАЗИН,**  
**Қазақстанның**  
**құрметті журналисі,**  
**Астана қалалық**  
**Ардагерлер кеңесінің мүшесі**



№35 (4468) 25/03/2023 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ

27 НАУРЫЗ



6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TANSHOLPAN»
10:00 AQRARAT
10:10 «Махаббат тұтқыны», Телехикая.



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
08:30 «Аташқа на хайпе» Х/ф



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы.
08.00 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ».



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «31 әзіл»
08:10 Т/сернал «Листопад» (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/х «Няня тап»
07:00 Т/х «Тақиясыз періште»
08:00 Т/х «Мезгілсіз сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

28 НАУРЫЗ



6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN»



05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯНИ!»



06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Поздний срок» телесериал



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы
08.00 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ».



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:10 Информбюро (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/х «Няня тап»
07:00 Т/х «Тақиясыз періште»
08:00 Т/х «Мезгілсіз сезім»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)



06.00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Поздний срок» телесериал



6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы
08.00 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ».



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:10 Информбюро (повтор)



06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 Т/х «Няня тап»
07:00 Т/х «Тақиясыз періште»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

30 НАУРЫЗ



6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQRARAT
7:00 «TANSHOLPAN».



05:00 «Қызық times»
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»
07:00 Тикелей эфирде «Ояни!»



06.00 «Сарай жаунары»
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Поздний срок» телесериал

ЦЕЛИНОГРАДАҒЫ КІТАП КҮНІ

Бұл сурет 1974 жылы 1 маусым күні түсірілген. Целиноград облыстық партия комитеті ғимараты алдындағы алаңда сол күні Балаларды қорғау күніне орай «Кітап күні» мерекесі өткізілген.



Сурет авторы Нұрмуханбет ИМАМОВ



Оған облыстың он төрт ауданы мен қаладан алпысқа тарта кітап дүкені қатысып, үлкен рухани жәрмеңке ұйымдастырылған. Міне, осы мәдени мерекеге сол кездері Целиноград облыстық

атқару комитеті төрағасының орынбасары Зәуре Қадырова жауапты болыпты. Зәуре Жүсіпқызы Қадырова – кейін Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының хатшысы, Қазақстан Республи-

касының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі сияқты лауазымды қызметтер атқарды. Суретте Зәуре Қадырова «Кітап күні» мерекесінде сөз сөйлеп тұр.



**7**

6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»  
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»  
12:25 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ»  
13:15 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»  
14:10 «НОВОСТИ»  
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»  
0:30 «Я ИДУ ТЕРЯ ИСКАТЬ»  
1:20 «ХИРОМАТ. ЛИНИИ СУДЕБ»  
3:45 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)  
07:30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы  
08:00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»  
09:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
09:50 «БЫЛО ДЕЛО»  
10:40 «ПЕС-5», остросюжетный детектив  
12:40 «ОТСТУПНИКИ»  
14:40 «НЕСЛОМЛЕННАЯ»  
16:50 «АДАСҚАН ҚЫЗ»  
17:50 «ӨТКЕН КҮНДЕР»  
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.  
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
00:00 «НЕСЛОМЛЕННАЯ», мелодрама  
01:35 «ПЕС-5»  
02:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»  
03:10 «ӨТКЕН КҮНДЕР»  
04:10-04:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 Әзіл студия  
06:30 What's up?  
07:10 Информбюро (повтор)  
08:10 Т/сериял «Листопад» (повтор)  
09:00 Мультсериял «Команда «Мстители»  
09:30 Мультсериял «Маша и медведь»  
09:50 «Пророк» (повтор)  
11:50 «Флешбэк» (повтор)  
14:20 «Во имя короля»  
17:00 Премьера! Шоу «Battle пар».  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 «Национальная безопасность»  
22:40 «Жапырақтар төгілгенде»  
23:40 «31 әзіл»  
01:00 Индийский сериал «Анунама»  
01:40 What's up?  
02:50 Әзіл студия  
03:50 1001 Әзіл  
04:00 BALA BATTLE  
04:30 What's up?  
05:00 Ризамын

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
06:30 Т/п «Няня тап»  
07:00 Т/п «Тақиясыз періште»  
08:00 Т/п «Мезгілсіз сезім»  
09:00 Т/п «Гадалка»  
09:30 Т/с «Испытание»  
11:30 Т/с «Медиатор»  
12:30 Телехикая  
13:30 Т/п «Тақиясыз періште»  
14:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»  
15:30 Т/п «Жалдамалы әйелдер»  
16:30 Т/с «Девушки с Макаровым»  
17:00 Т/с «Семейные узы»  
18:00 Т/с «Испытание» Премьера!  
20:00 Т/с «Медиатор»  
21:00 Т/п «Алғашқы махаббат»  
21:30 Телехикая  
22:30 Т/п «Жалдамалы әйелдер»  
23:30 Т/п «Няня тап»  
00:00 Келесі кім?  
00:30 Т/с «Девушки с Макаровым»  
01:00 Jaidarman  
02:00 Т/п «Тамаша 7 км»  
03:00 Т/п «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07:00 «Разминка» (каз/рус)  
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
08:25 Телехикая «Қанатсыз құстар» (каз.)  
09:15 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
09:40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериял)  
10:00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ДЖЕККИ ЧАНА»  
10:40 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»  
11:30 Шоу «ТАКСИ»  
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16:00 «НА ПРЕДЕЛЕ»  
17:55 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»  
18:35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)

19:00 «Самалмен сырласу» (каз.)  
20:00 Шоу «ТАКСИ»  
20:30 «8 ПОДРУГ ОУШЕНА»  
22:30 «ПЯТЕРО НЕИЗВЕСТНЫХ»  
00:20 «Самалмен сырласу» (каз.)  
01:00 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
01:20 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
02:30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
04:00 – 05:00 «Екі езу» (каз.)

**ЖҰМА**  
**31 НАУРЫЗ**

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран  
6:05 «Жәдігер»  
6:25 AQRARAT  
7:00 «TANSHOLPAN»  
10:00 AQRARAT  
10:10 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.  
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тикелей эфир  
13:00 AQRARAT  
13:10 «Жат бауыр». Телехикая.  
14:15 «Қызық екен...»  
15:10 «Бірегі»  
16:00 «Айман & Шолпан» Телехикая.  
17:00 AQRARAT  
17:15 «Ауылдастар»  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.  
20:00 AQRARAT  
20:35 «ASHYQ ALAN»  
21:30 «ЖАТ БАУЫР». Телехикая.  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.  
23:20 «Көңіл толқыны»  
0:00 «PARASAT MAIDANY»  
0:30 AQRARAT  
1:05 «Өмір көркем»  
1:55 «Бірегі»  
2:45 «Жәдігер»  
3:05 «Ауылдастар»

**7**

05:00 «Қызық times»  
06:00 «Жұлдызды жекпе-жек»  
07:00 Тикелей эфирде «Опы!»  
10:00 «Менің өмірім»  
10:30 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен  
12:00 Телехикая. «Үкім»  
14:00 Тикелей эфирде «АйнаLine»  
15:00 Телесериал. «Выбор матери»  
17:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»  
18:00 Новости.  
18:15 Ток шоу. Итоги  
19:00 Қорытынды жаңалықтар.  
19:15 Ток шоу. Біздің мақсат  
20:00 Телехикая. «Үкім»  
21:45 Тұсауескері «Қызық times»  
22:45 Мегакит. «Гнев»

**ASTANA TV**

06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы  
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Поздний срок» телесериал  
10:00 «Қара шаңырақ» телехикаясы  
12:00 «Ұлы» түрік телехикаясы  
13:50 Президент парніені  
14:00 «Жаралы сезім» корей телехикаясы  
15:35 «На пути к сердцу» телесериал  
18:00 «Поздний срок» телесериал  
19:00 «Сезон дождей» телесериал  
20:00 «AstanaTimes»  
21:00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы  
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00:00 «Жаралы сезім» корей телехикаясы  
01:20 «На пути к сердцу» телесериал

**7**

6:00 «ЕҢ АЛҒЫШҚЫ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
10:45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»  
11:30 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»  
12:25 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ»  
13:15 «ТАТЬЯНИН ДЕНЬ»  
14:10 «НОВОСТИ»  
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»  
21:50 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО».  
1:40 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»  
2:35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
2:45 «KÖREMIZ» бағдарламасы

**КТК**

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)  
07:30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», телехикая  
08:00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»  
08:00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ»  
09:10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
09:50 «БЫЛО ДЕЛО»  
10:50 «Психология преступления»  
12:40 «ОТСТУПНИКИ»

14:40 «НЕСЛОМЛЕННАЯ»  
16:50 «АДАСҚАН ҚЫЗ», өзбек телехикаясы.  
17:50 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы.  
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»  
20:35 «КТКweb»  
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21:40 «ДВОЕ НАД ПРОПАСТЬЮ»  
01:35 «ПЕС-5»  
02:25 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)  
02:50 «КТКweb» (қайталау)  
03:10 «ӨТКЕН КҮНДЕР»

**31**

06:00 Әзіл студия  
06:30 What's up?  
07:10 Информбюро (повтор)  
08:10 Т/сериял «Листопад» (повтор)  
09:00 Мультсериял «Команда «Мстители»  
09:30 Мультсериял «Маша и медведь»  
10:10 «Во имя короля» (повтор)  
12:50 «Национальная безопасность» (повтор)  
14:50 «Пиксел»  
17:00 Премьера! Шоу «Battle пар».  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 «Дыши во мгле»  
22:40 «Жапырақтар төгілгенде»  
23:40 «31 әзіл»  
01:00 Индийский сериал «Анунама»  
01:40 What's up?  
03:00 Әзіл студия  
03:50 1001 Әзіл  
04:00 BALA BATTLE  
04:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
06:30 Т/п «Няня тап»  
07:00 Т/п «Тақиясыз періште»  
08:00 Т/п «Гадалка»  
09:00 Т/с «Испытание»  
11:30 Т/с «Медиатор»  
12:30 Телехикая  
13:30 Т/п «Тақиясыз періште»  
14:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»  
15:30 Т/п «Жалдамалы әйелдер»  
16:30 Т/с «Девушки с Макаровым»  
17:00 Т/с «Семейные узы»  
18:00 Жаңа кезең  
20:20 Х/ф «Семейный бизнес»  
20:30 Т/п «Алғашқы махаббат»  
21:30 Телехикая  
22:30 Т/п «Жалдамалы әйелдер»  
23:30 Т/п «Няня тап»  
00:00 Келесі кім?  
00:30 Т/с «Девушки с Макаровым»  
01:00 Jaidarman  
02:00 Т/п «Тамаша 7 км»  
03:00 Т/п «Япырай»

**НТК**

07:00 «Разминка» (каз/рус)  
07:15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
08:00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
08:25 Телехикая «Қанатсыз құстар» (каз.)  
09:15 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
09:40 «МАША И МЕДВЕДЬ»  
10:00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ДЖЕККИ ЧАНА»  
10:40 «ОРЕЛ И РЕШКА. ЧУДЕСА СВЕТА 3»  
11:30 Шоу «ТАКСИ»  
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16:00 «Қызық Live» (каз.)  
17:00 «CENTRAL ASIA'S GOT TALENT 2»  
19:10 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»  
20:00 Шоу «ТАКСИ»  
20:30 «БЕЗ ТОРМОЗОВ»  
22:10 «ДОРОГА»  
00:10 «ПЛОХОННИК»  
01:30 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
01:00 Телехикая «Қанатсыз құстар» (каз.)  
04:00 – 05:00 «Екі езу» (каз.)

**СЕНБІ**  
**1 СӘУІР**

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран  
6:05 «Жәдігер»  
6:30 AQRARAT  
7:05 «Дәуір даналары». Деректі фильм  
7:50 «Күй-керуеншілер»  
8:20 «Шанырақ»  
8:55 «Нартауекел»  
10:00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.  
12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»  
13:40 «Әзіл алемі»  
14:45 «Ойыншықтар хикаясы 4».  
16:10 Әбдіжаппар Әлқожаның концерті  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.  
20:00 AQRARAT  
20:30 «AQORDA»  
20:40 «QAZAQSTAN DAUYSY. BALALAR»  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.  
23:30 «Ұлыс оң болсын!»  
0:35 «Көкжалдар». Көркем фильм  
2:00 AQRARAT  
2:30 «Aqorda»  
2:40 «Шанырақ»

**ASTANA TV**

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»  
06:15 КОНЦЕРТ. «ЖУРЕГИМ АҚ»  
08:15 «КОМБЕ»  
09:00 «СПОРТ ЭЛЕМИ»  
09:30 ПРЕМЬЕРА! «КИНОМАН»  
10:00 МЕГАХИТ. «ГНЕВ»  
12:00 «МАХНЕМ НА ЛУНУ!»  
13:30 ТҰСАУЕСКЕРІ "STARTUP KZ"  
14:00 «ҚҰСАЙЫНОВАТ. ӨМІР ЖОЛЫ»  
15:30 «ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР»  
16:30 ТҰСАУЕСКЕРІ "ЭРЕКЕТ"  
17:00 "МАСКА"  
19:00 ТҰСАУЕСКЕРІ "COVER SHOW"  
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ "7 КҮН"  
21:40 ТҰСАУЕСКЕРІ "АЛҒАШҚЫ"  
22:40 "БҮЛ ОСЫЛАЙ БОЛҒАН ЕДІ..."  
23:15 МЕГАХИТ. "АМЕРИКАНЕЦ"

**ASTANA TV**

06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы  
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Сезон дождей» телесериал  
12:20 «Қарлығаш ұя салғанда»  
22:40 «Жапырақтар төлежоба»  
17:00 «Шаншар»  
20:00 «SagarTimes»  
21:00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы  
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00:00 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы  
02:00 «Көру керек!» бағдарламасы

**7**

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы  
7:40 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:30 «ПОЕХАЛИ!»  
9:20 Фильм «ПРИТВОРЩИКИ»  
11:10 Многосерийный фильм «ПОДКИДЫШ»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «АЙНА» бағдарламасы.Тикелей эфир  
19:00 «ПЕТРОВИЧ»  
20:50 Фильм «АМЕРИСТОВАЯ СЕРЖКА»  
0:10 «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»  
2:00 «КАРТЕР». Телехикая  
2:45 «АЙНА» бағдарламасы  
3:15 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07:05 «МЭССАҒАН»  
07:30 «БӘРІ ЕСІМДЕ», корей телехикаясы  
08:00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу  
08:50 Jaidarman  
09:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
10:00 «ЮМОРИНА», шоу-программа  
11:00 «ДВОЕ НАД ПРОПАСТЬЮ»  
15:00 «ЭЙГЕЛДЕР КӨТЕРЛІСІ»  
16:30 «МУҢДЫ ЖҮРЕК»  
18:20 «ШЫМКЕНТ-ШОУ».  
21:00 «АВАРИЯ», мелодрама.  
01:10 «ПЕС-5»  
02:00 «МУҢДЫ ЖҮРЕК»  
03:35-04:20 «OZAT ОТБАСЫ»

**31**

06:00 Әзіл студия  
07:00 Тамаша live  
08:00 «Күліп ALL»  
08:30 Мультсериял «Маша и медведь»  
09:30 Готовим с Адель  
10:00 «Алдараспан»  
12:30 «Пиксели» (повтор)  
14:40 Анимационный фильм «Братец медвежонок»  
16:30 Анимационный фильм «Братец медвежонок 2»  
18:00 КИНО. Уилл Смит, Джейден Смит в фантастическом боевике «После нашей эры»  
20:00 КИНО. Мартин Фриман в фантастическом боевике «Хоббит: Нежданное путешествие»  
23:30 «Bizdin show»  
01:00 What's up?  
02:00 «31 әзіл»  
03:00 Тамаша live  
03:30 Әзіл студия  
04:00 1001 Әзіл  
04:30 Ризамын

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:00 Келесі кім?  
08:30 Т/п «Құтты қоңақ»  
09:00 Х/с «Женский доктор»  
10:45 Т/п «Реформатор»  
11:00 Т/п «Гадалка»  
11:30 Т/с «Семейные узы»  
14:00 Кулинарное шоу «Разговор со вкусом»  
10:00 «Жұлдызды шаңырақта»  
15:30 Т/п «Паленшевертер»  
16:00 Ән салшы, Роза!

18:40 Т/п «Алғашқы махаббат»  
21:00 Шоу «Маска» 4 сезон  
00:40 Х/ф «Семейный бизнес»  
02:40 Т/п «Құтты қоңақ»  
03:00 Келесі кім?  
03:30 Т/п «Япырай»  
04:00 Т/п «Жеңіп көр»  
04:50 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07:00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07:40 «Екі езу» (каз.)  
08:00 Телехикая «Айғаным» (каз.)  
09:30 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериял)  
10:05 «ДРАКОНЫ И ВСАДНИКИ ОЛУХА»  
10:50 «ПИНОККИО» (семейное фэнтези)  
13:20 «СЕЗОН ОХОТЫ 2»  
15:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
19:00 «КЕНГУРУ ДЖЕКПОТ»  
20:40 «ИГРА ТЕНЕЙ»  
22:40 «БЫСТРЕЕ ПУЛИ!» (комедийный боевик, Бред Питт, Джек Кинг, Эндриу Козди)

**ЖЕКСЕНБІ**  
**2 СӘУІР**

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран  
6:05 «Жәдігер»  
6:30 AQRARAT  
7:00 «Күміс көмей»  
7:35 «Зинһар»  
8:20 «AQSAYTU»  
8:40 «Валаран» телеарнасы ұсынады: «Білім бәйгесі»  
9:15 «Көңіл толқыны»  
10:00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.  
12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»  
13:40 Дисней ұсынады: «Ойыншықтар хикаясы 4». Мультфильм  
15:00 «Төрлет, Наурыз!» Мерекелік жоба  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ». Телехикая.  
20:00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама  
Тикелей эфир  
20:50 ТҰСАУЕСКЕРІ «ГАУЯАРТАС». Мәдени-танымдық бағдарлама  
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.  
23:30 «Көңіл толқыны»  
0:40 «Арта». Сараптамалық бағдарлама  
1:30 «Ақсауыт»  
1:50 «Ауылдастар»  
2:20 «Күміс көмей»

**7**

05:00 «Қызық times»  
06:15 Концерт. «Жолдар, жолдар...» Жұбаншы Жексенұлы  
08:30 «Әке бақыты»  
09:30 «Спорт time»  
10:00 Мегакит. «Американец»  
12:00 Мультфильм. «Славные пташки»  
13:20 Мультсериял. «Десять друзей кролика»  
13:30 «Балақай»  
14:15 Телехикая марафоны.  
«Құсайыновтар. Өмір жолы»  
16:00 «Культурный контекст»  
17:00 «Дуладилдер дүбір»  
17:30 «Маска»  
19:30 Тұсауескері «Мандай тер»  
21:00 Информационный канал - аналитическая программа "7 күн"  
21:40 «Отдел журналистских расследований»  
22:15 Премьера! «Киноман»  
22:45 Мегакит. «Осада»

**ASTANA TV**

06:00 «Сарай жаунары» корей телехикаясы  
07:00 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Сезон дождей» телесериал  
11:20 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы  
13:20 «Алдараспан»  
17:40 «Чужой ребенок» Индийское кино  
21:00 «Үміт үйі» түрік телехикаясы  
21:55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00:00 «Ащы шындық» тележоба  
02:00 «Көру керек!» бағдарламасы

**7**

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы  
8:05 «П@УТИНА» бағдарламасы  
9:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»  
9:15 «ПРОУЮТ»  
10:00 Фильм «КАЖДОМУ СВОЕ»  
11:50 «QAIYMAK»  
12:25 «АМЕРИСТОВАЯ СЕРЖКА»  
15:40 ПИСЬМО ПО ОШИБКЕ»

18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»  
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир  
21:00 Фильм «40+», ИЛИ ГЕОМЕТРИЯ ЧУВСТВ  
1:10 Премьера. «ТРИ АККОРДА»  
2:45 «П@УТИНА» бағдарламасы  
3:30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07:05 «ЭН МЕН ЭНШІ» ән-шашу  
08:00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу  
09:00 «ЮМОРИНА», шоу-программа  
10:40 «АВАРИЯ», мелодрама (повтор)  
15:00 «МАХАББАТ АЗАБЫ», көркем фильм (өзбек худ.фильм)  
16:30 «КИНАТТЫҢ ЗАРДАБЫ», көркем фильм (өзбек худ.фильм)  
18:30 «МАХАББАТ ЭЛЕМИ», ән-шашу  
21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым  
22:00 «ЭТО НЕ НАВСЕГДА», драма  
23:50 «ПЕС-5», остросюжетный детектив (повтор)  
01:50 «МАХАББАТ АЗАБЫ», көркем фильм (өзбек худ.фильм) (қайталау)  
03:10-04:30 «МАХАББАТ ЭЛЕМИ» (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студия  
07:00 What's up?  
08:00 Тамаша live  
09:00 «Teletipon» прямой эфир  
09:25 Готовим с Адель  
10:00 КИНО. «Өкініш 2»  
11:40 Анимационный фильм «Братец медвежонок» (повтор)  
13:30 Анимационный фильм «Братец медвежонок 2» (повтор)  
15:00 КИНО. Уилл Смит, Джейден Смит в фантастическом боевике «После нашей эры»  
(повтор)  
17:00 КИНО. Мартин Фриман в фантазии «Хоббит: Нежданное путешествие»  
20:30 КИНО. Дуган Дженсон в боевике «Быстрее пули»  
22:30 «Алдараспан»  
01:00 Тамаша live  
02:30 Әзіл студия  
04:00 1001 Әзіл  
04:30 Ризамын  
05:00 «31 әзіл»  
05:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:00 Jaidarman  
08:00 Т/п «Паленшевертер»  
08:30 Т/п «Құтты қоңақ»  
09:00 Т/п «Измайловский парк»  
11:40 Шоу «Маска»  
15:00 «Қызықты weekend»  
16:00 «Battle сөз» Тұсауескері!  
16:30 Т/п «Бастық боламын»  
18:30 «Отравленная жизнь»  
21:00 Т/п «Құтты қоңақ»  
20:50 Х/с «Отравленная жизнь»  
20:50 Т/п «Құтты қоңақ»  
01:20 Өмірлімнің көктемі  
03:20 Т/п «Япырай»  
03:40 Т/п «Жеңіп көр»  
05:10 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07:00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07:40 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»  
08:00 Телехикая «Айғаным» (каз.)  
09:30 «МАША И МЕДВЕДЬ»  
10:05 «ДРАКОНЫ И ВСАДНИКИ ОЛУХА»  
10:50 «СЕЗОН ОХОТЫ 2» (анимационный фильм)  
12:20 «ЛЕГО НИНДЗЯГО ФИЛЬМ» (анимационный фильм)  
14:10 «КЕНГУРУ ДЖЕКПОТ» (приключенческая комедия, Джерри О Коннер, Энтони Андерсен)  
16:00 «ИГРА ТЕНЕЙ» (боевик, Лيام Нисон, Айдан Кунин)  
18:15 «БЫСТРЕЕ ПУЛИ!» (комедийный боевик, Бред Питт, Джек Кинг, Эндриу Козди)  
20:50 «НОЧНОЙ БЕГЛЕЦ» (криминальная драма, Лيام Нисон, Юэль Кинман)  
23:00 «У. NIGHT SHOW» (каз.)  
00:00 Телехикая «Айғаным» (каз.)  
01:30 «ТАВОО» (каз.)  
04:00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
04:00 – 05:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

**СУРЕТ СЫРЫ**

**САРА ЕСОВА – ТЫҢ ӨЛКЕСІНДЕ**

Бұл сурет 1968 жылы Целиноград қаласында түсірілген. Сол кездегі облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры С.И.Лурье қоғам қайраткері, Алматы қаласындағы Республикалық ұлттық мұражайдың директоры Сара Сәтбайқызын өзі басқаратын музей қызметкерлерімен тәжірибе бөлісу үшін шақырады.

Алпысыншы жылдардың аяғында Тың өлкесінде көненің көзі саналатын жәдігер құндылықтарды іздеп тауып, жинақтап, жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзіне айналдыру жолында жоспарлы жұмыстар кеңінен етек алған болатын. Міне, осы негізде аты республикаға кеңінен танылм, осы саланың корифейі саналатын жанның тәлімгерлік тәлімімен бөлісу музей қызметкерлері үшін үлкен жетістік болды.

Іргетасы 1923 жылы қаланған бұл музей кейін әдістемелік орталыққа айналады. Астана қаласындағы қазіргі Сәкен Сейфуллин музейі осы музейдің әдебиет бөлімінің базасында ашылған. Сара Есова целиноградтықтар үшін Қазақстандағы әйел тегінің қолындағы бел буып күрескен қайраткер ғана емес, тұңғыш комсомол, әйел журналист ретінде де құрметтелетін. Ол 1937-1938 жылдары сталиндік қанды





# САҒЫНЫШ...

Біздің бір байлығымыз – сағыныш. Бала күнімізден бастап сағынумен, аңсаумен күн кештік. Ол кезде қазіргідей дауысын естігің келсе қоңырау шалып, жүзін көргің келсе видео байланысқа шығып, сағат, минут сайын хабарласып отыруға мүмкіндік беретін қалта телефон жоқ, айшылық жердегі ағайынды қойып, ауылдан оқшау отырған туысыңның өзімен күнде кездесіп, ұдайы тілдесе алмайсың. Аттанды басқа бұт артар көлік болмаған соң, арғы жалдың астында отырған туысыңа бір барып қайту да арман. Ал қаладағы туыстар жылына, кейді тіпті 2-3 жылда бір сағынтып жүріп әзер келеді.

## Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Ол кезде біз «үйге қонақ келсе екен» деп тілеуші едік. Күні бойы жолға қарап, шай ішкен кесеміздей шайдың самасына қарап көзіміз талушы еді. Алда-жалда шайдың ағашы тік тұрып ішкелі отырған шайымыздың бетінде әрі-бері ойқастаса, соған қарап мәз болып, «кісі келе жатыр, бұл кім болуы мүмкін?» деп дегіріміз кететін. Жолға қарай-қарай үмітін үзіліп, сам жамырап ел орынағаны отырған шақта үйге кіресің. Кешқұрым жоқ іздеген әлдекім келе қалса, «ә, манағы менің кесеме түскен жолаушы сен болдың ғой» деп іштей шайдың шары мен жолаушының сұлбасын салыстырасың. Ал құдайы қонақ келсе, есіміз шыға қуанатын едік. Қандай әңгіме айтар екен, не жаңалық айтар екен деп соның аузына қараймыз. Біз ғана емес, үлкендер де «ал айта бер, құлағымыз сенде» деп қонақты сөзге тартатын. Егер келген қонақ домбыра тартып, ән салатын болса, онда құдайдың бергені, ол тун біз үшін концерт көргендей керемет кеш болатын. Тау қуысында отырған біздің ауылда радионың өзі әзер ұстайды. Телевизор, кино деген түсімізге де кірмейтін біз үшін келген қонақтан бір әдемі ән тыңдаудың өзі қандай бақыт екенін қазір айтып жеткізе алмайсың. Есіл-дерті телефонға ауып, шұқыланып отыратын қазіргі заманда ол әңгіме ешкімге таңсық емес.

Кітап та тапшы, біреуде бір кітап бар екен десе, соны ауыл бойынша айнала оқитыныбыз. Біздің үйде мен оқуға кіріп, қара танығанша, кітапты әкем оқып беретін, екінші кластан бастап, бұл абыройлы міндетті мен атқардым. Кеш бата май шамның түбіне етпетіммен жататынмын да, кітап оқуды бастап кететімін. Әкем қос жастықты шынтағына қойып, жамбастап жатса, шешем тігіп жатқан сырмағын алдына өңгеріп отыра қалатын. Шарт қате оқымауың, тұтығып қал-

мауың керек, егер қате оқысам, жамбастап жатқан әкем солқ еткізіп бүйірден теуіп қалатын. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды» дегендей, бір ыңқ етесің де әрі жалғайсың. Әрине, ауыл бізді тез есейтті. Бес жасымыздан бастап өзімізден бірер жас үлкен ағамызға (іс жүзінде ол да бала ғой) серік болып, қой бақтық, отар жаттық. Қыс қыстауда, жаз жайлауда жатып, әке-шешемізді сағындық. Жайлауда неше күн бойы жаңбыр жауып, тұман болғанымен, Қайсабай дейтін жігіттің радиосы ғана азаттықты тартады. Оның өзінде Германия «көрінетін» шоқыда.

Түс ауа әлгі шоқыға жиналып, радионың толқынын туралап күтіп отырамыз. Кейде жел шыққан күні толқын тайып кетсе, көнетоз радио ысылдап, дұрыс естілмей зықымызды кетіреді. Сондықтан «Әуе толқынында азаттық радиосы» деген сөз шыққанда біз демімізді ішімізге тартып, қатып қала-

тынбыз. Алда-жалда қозғалып кетсек, радио тартпай қалуы мүмкін. Бір күні күн жауып, тұман басып, Германия жаққа қанша қаратсақ та, радиомыз жақсы тартпай, әбден мазамыз кетті. Толқынды туралайтын жігіт көп жағаласып жүріп, әрең шығарып еді, қасымызда отырған Ясын деген көксау жөтеліп қалғанда, тастың үстіне қойып қойған радио қозғалып кетіп, пыш етіп, «азаттық» жоғалды да кетті. Кім екені есімде жоқ, біреу «шығып тұрған радионы жоғалтып» деп Ясынды бастап салып кеп кетті. Анау да қарап тұрмай екеуі алыса кеткенде біреуінің аяғы радиоға тиіп, радио биік жартастан домалады да кетті. Бәріміз етекке жүгірдік. Арқан бойы жартастан құлаған радио сау қала ма, құл-талқаны шығыпты. Сондағы бесеуіміздің ұнжырғамыз түскенін көрсеніз ғой, тап бір қара жамылғандай қайғырдық. Содан бастап «Азаттық радиосын» тыңдай алмай қалдық. Басқа қаншама радио әкеліп, Германия жаққа қаратсақ та «Азаттық радиосын» тартпай қойды.



Бізді атажұртқа алып келген де сол сағыныш пен аңсау болатын. Шекарадан өткенше қайнаған қазақтың ортасына топ ете түсеміз деген үмітпен келдік. Шүлдірлеген жұрттың ортасына кіріп, қазақ пен қазақ тіл табыса алмайды деп мүлде ойлағамыз жоқ. Басқа түсті, оған да көндік. Бірақ сағынышымыз әлі жоғалған жоқ. Әйтеуір бір нәрсені аңсап аңқамыз кебеді де жүреді... Нені сағынамыз сонда? Туған жерді, өскен елді ме? Жо-жоқ. Біздегі сағыныш басқа. Бала күнімізде жүрегімізге таңбадай басылған таза қазақтың бітімі бөлек болмысы сағындырады...

Батырлар жырын, тарихи романдарды оқып алып, «сонда осылардың ішінде кім ең мықты екен?» деп іштей салыстырып, миямыз жетпей жүретін кезіміз де болады. Талай нәрсеге таң қалып, тамсанып өстік. Бір ауыз сөзбен айтқанда, ол кезде өмір сондай қызық, сондай ғажап сезілетін. Соған қарағанда бір нәрсені сағынып, аңсап жүрудің өзі өмірдің сәнін, тірліктің мәнін арттырады екен.

Біз он жасқа толғанда Қазақстан тәуелсіздік алды. Басқа елді білмеймін, мен ол кезде тәуелсіздік деген сөзді мүлде түсінбеуші едім. Тек үлкендердің «Қазақтың өз мемлекеті болыпты, қазақтан патша шығыпты. Бүкіл қазақты көшіріп алады екен» деп гүлдесіп жүрді. Біз тағы таң қалдық, сонда біздің патша кім? (аңғары сол кезде бізде мемлекет деген ұғым жоқ секілді). Қазақстан қай жақта? Бұрын күн ашық бола қалса, тау-таудың басына шығып Әверест көрінер ме екен деп көкжиекке жанарым талғанша қарайтын мен сол күннен Қазақстан қай жақта екен деп қарайтынды шығардым. Дүниедегі ең биік шың аспанға қадалып тұрса, бізге неге көрінбейді екен деп басымыз қататын маған алыстан бұлдыраған таулардың бәрі Қазақстан болып елестейтін.

Екі қойшының басы қосылса да, ермегі – Қазақстан. Ол ел бізге әлемдегі ең керемет ел болып елестейтін. Әлемде қазақтың патшасынан өткен мейірімді жан жоқ сияқтана-

тын. Қазақтан басқа халықты көрмеген, қазақтан басқа ұлт құбыжық болып елестейтін қайран дәурен-ай десеңші. Ол кезде тұтас қазақ ауылдарында мынадай әдет бар. Шай ішіп немесе тамақ жеп отырғанда үйге қытай кіріп келсе, ол шай ішкен, ол тамақ жеген қасықты бөлек алып, күлмен ысып, ыстық сумен жеті қайтара жуатын. Сондықтан үйге қытай келіп шай ішсе, ол ас ішкен кеседен көз алмай, басқа кеселермен ауысып кетпеуін қатты қадағалаушы едік. Намаз оқып тұрған жерге, мешітке қытайды жолатпайтын. «Қытай намаз оқып тұрғаныңды көріп қойса, о дүниеге барғанда иманыңа таласады екен» деп шалдар қытай кіріп келгенде намазын тоқтата қойғанын да көзіміз көрді. Сосын да шығар, біздің көңілімізде қытай дінсіз, бейшара халық деген ұғым бала кезден қалыптасты. Кейін ержетіп, сол Қытайдың қол астында қызмет істесек те, оларды тобығымызға тоғытқанымыз жоқ. Қытай қазақтары сонау 1862 жылдан бастап қытайдың қарамағында болса да, 150 жыл бойы тілін жоғалтпай, салтын сақтап келгендігінің бір себебі осында деп ойлаймын.

Үлкендердің Қытайды жаман деп тәрбие беруінде үлкен мән жатқанын да Қазақстанға келгенде түсіндік. Себебі біз алып империя құрып отырса да, қытай ұлы халық деп айтқымыз келмейді. Қазақ пен қазақтың қытай тілінде сөйлесуді намыс көретіндігінің, қазақ пен қазақтың орысша сөйлескенін түсінбей жүруінің де бір себебі осында. Кейде кейбір ағайындар қағытып «Қытайдан келдің ғой, қытай сияқты бақа-шаян жеп көрдің бе?» деп сұраса, менің ойыма с-о-нау бала күндегі осы істер түседі.

Бірді айтып бірге кетіп барамыз, басында сағыныш туралы айтып жатыр едік қой, бізді атажұртқа алып келген де сол сағыныш пен аңсау болатын. Шекарадан өткенше қайнаған қазақтың ортасына топ ете түсеміз деген үмітпен келдік. Шүлдірлеген жұрттың ортасына кіріп, қазақ пен қазақ тіл табыса алмайды деп мүлде ойлағамыз жоқ. Басқа түсті, оған да көндік. Бірақ сағынышымыз әлі жоғалған жоқ. Әйтеуір бір нәрсені аңсап аңқамыз кебеді де жүреді... Нені сағынамыз сонда? Туған жерді, өскен елді ме? Жо-жоқ. Біздегі сағыныш басқа. Бала күнімізде жүрегімізге таңбадай басылған таза қазақтың бітімі бөлек болмысы сағындырады... Қоғам дамып, қазақ «мәдениетті» болған сайын сол болмысынан алыстап бара жатқан сияқтанады...

Астанада 1951 жылдан қалалық зағиптар қоғамы толыққанды жұмыс істей бастады. Бүгінде бұл қоғамға мүше болып көздері көрмейтін және нашар көретін бес жүзге жуық мүгедектер тіркелген. Олардың қатарында ғылымдар кандидаты кезінде танымал болған әнші-күйшілер, спорт шеберлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, жүргізушілер және басқа да мамандық иелері бар.

## КӨПШІЛІК КЕЛЕТІН ҰЙЫМ ЕДІ...

Бір ерекше қуанарлық сәт ұйымда көз жанарынан айырылған азаматтар үшін Брайль әдісімен оқитын (бедерлі нүктелі қаріптер арқылы) арнайы кітапхана ашылған. Дегенмен қазақ тіліндегі бедерлі қаріптегі оқулық кітаптар жоқтың қасы.

Сондай-ақ қоғамда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған өндірістік кәсіпорын, тігін цехтар, әртүрлі мамандыққа дайындап үйрететін үйірмелер жұмыс істейді. Әсіресе, көркемөнерпаздар үйірмесінің игі істерін атап өткен жөн. Бірнеше байқауларға қатысып, жүдделі орындарды жеңіп алған екі дауысты үлкен хор ұжымы «Халық хоры» деген құрметті атаққа ие болды.

Алайда қоғам мүшелерінің пікіріне қарағанда қалалық зағиптар қоғамы олардың сұраныстарын қанағаттандыра алмай отырған сияқты.

– Бұрындары көпшілік бағыттағы танымдық мәдени шаралар жиі өтетін. Наурыз, басқа да мерекелерде жиналып, бір-бірімізді құттықтап, концерт тыңдап, бір қуанып қалатынбыз. Әріптестеріміздің 50-60-70 жасқа толған туған күндері де елеусіз қалмайтын. Ал соңғы жылдары Наурыз түгілі, қазан айындағы мүгедектер күні атаусыз қалды, – дейді топ жетекшісі болған Бақыт Телжанова.

– Мен 2003 жылдан қоғам мүшесімін. Жыл сайын мүшелік жарнасын төлеймін. Әр жылыда оның да құны өседі. Бірақ, қоғам жұмысында ешқандай оң өзгерістер байқалмайды. Жиналып дайындалатын, репетиция өткізетін орын жоқ. Кезінде қоғамның жеке ғимараты, жиналыс, концерт өткізетін үлкен акт залы да болған. Қазір қоғам қызметкерлері өндіріс кәсіпорнына көшіп алып, әкімшілік ғимаратын жалға берген бе, білмейміз. Бір қызығы, былтырдан бері қоғам мүшелерін жаңадан қайта тіркейміз, сол үшін 1200 теңгеден төлеңдер гендені шығарды, – деп тағы бір қоғам мүшесі ренішін білдірді.

Біз осы мәселелер төңірегінде Астана қалалық зағиптар қоғамының төрағасы Ерғали Бұқаровқа бірнеше сауал қойдық. – Қоғам мүшелерін қайта тіркеу туралы шешімді президиум қабылдады. Ал мұқтаж жандарға материалдық көмек беру азық-түлікпен жәрдемдесу немесе олардың туған күндерінде сыйлық тарту біздің міндет емес. Бұл ұстанымызды республикалық зағиптар қоғамы да қолдайды, – деді қоғам төрағасы. Қоғам мүшелерін қайта тіркеу (500 мың теңге) себептері туралы түсінік бермеді.

Жазмыштың жазуымен жарық дүниені жанарымен көру қабілетінен шектелген мүгедектердің рухани сұраныстарын қамтамасыз ету, олардың өмірге деген қайнарлық талап-тілектерін қолдау – бүкіл қоғамымыздың абыройы әрі маңызды міндеті. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті халыққа Жолдауында әлеуметтік салаға ерекше көңіл бөлінген. Бүгінде мемлекет тарапынан демеушілер мен еріктілер ұйымдарының тұрмысы төмен адамдарға жаппай көмектесуі жақсы үрдіске айналды. Тек бұл игі істі ашық әрі дұрыс ұйымдастыра білген абзал.

Негізі қазіргі технология дамыған заманда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған оргтехника, дыбысты кітап, күн сәулесінің шуағын білдіретін аппараттар және басқа да жаңа шыққан құралдар мүгедектер үшін қолжетімді болу керек. Жалпы зағиптардың, әсіресе көздері су қараңғы көрмейтін адамдардың өмір тыныс-тіршілігі ерекше, олардың басқан әр қадамы – күрделі құбылыс. Оны толық түсіндіріп, жеткізудің өзі қиын. Сондықтан, осындай жандардың әр эмоциясын сезіне білу, қарым-қатынас жасай алу, көңілдеріне кірбің түсірмеуге тырысу – бұл қоғам қызметкерлерінің кәсіби миссиясы, әрі басты міндеті.

Бименде ҚАЗАНҚАП,  
зейнеткер



## «ДОМБЫРА» МОНУМЕНТІ ОРНАТЫЛДЫ

Ұлыстың ұлы күнінде Астанада күй анасы – Дина Нұрпейісова ескерткішінің жанындағы күйші-композиторлар аллеясында «Домбыра» мүсіні орнатылды. Ұлттық мерекеге орай өткен мұндағы Наурыз мейрамын Алматы ауданы әкімдігі, «Ұлттық мүдде кеңесі» ҚБ және «Күй анасы» республикалық қоры ұйымдастырды.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Наурыз тойы батамен басталып, жиналған елге қала тұрғыны, еңбек ардагері Өтеген Нәсіпұлы батасын берді. Сондай-ақ Халық қаһарманы, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров мерекелік жиынның қадірменді қонағы болды.

– Ұлттық құндылығымызды және қазақтың киелі домбырасын қадірлеу мен насихаттау бағытындағы жұмысқа бәріміз де атсалысуымыз қажет. Өскелең ұрпақ халқымыздың тарихы мен рухани-мәдени байлығын санасына сіңіре білуі үшін осындай бастамалар жалғасын таба береді. Баршаңызға Наурыз мейрамы құтты болсын! – деді Халық қаһарманы.

Жиналған қауым атынан батырдың иығына оқалы шапан жабылды. Көрсетілген құрметке ризашылығын білдірген ол «елімізді көркейту жолында қызмет етіп жүрген жастар халықтың алғысына бөленетін болсын» деген ниетпен өзіне берілген шапанды Алматы



ауданының әкімі Мақсат Саматұлына тарту етті.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі, «Күй анасы» республикалық қорының жетекшісі Төлеген Қуанышев Астана қаласы әкімдігінің

қолдауымен Дина ескерткіші маңында музыкалық субұрқақ орнату жоспарда бар екенін айтты.

– Бұл жер демалыс аймағына айналмақ. 24 сағат бойы қазақ композиторларының күйлері

мен әндері орындалатын болады. Әр азамат өзін қазақ елінің азаматы екенін сезінуі үшін осындай істер қолға алынып жатыр. Өнер ұжымдарының күй тартуына арналған ашық сахна алаңын салу көзделіп отыр. Игі бастаманы қолдаған сіздерге көп рақмет! – деді ол.

Наурыз мейрамының маңызына тоқталған қоғам қайраткері, журналист Серік Ерғали төл өнеріміз бен ұлттық аспаптарымызды дәріптеп, жас ұрпаққа жеткізуге бәріміз де үлес қосуымыз қажеттігін атап өтті. Жиналғандар қазақтың ұлттық аспабы – «Домбыра» монументін салтанатты түрде ашты. Аллея жанындағы Наурыз мейрамында келушілерге арнап киіз үй тігіліп, концерт бағдарламасы ұйымдастырылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, күйші-ұстаз Орынбай Дүйсен Динаның «Тойбастар» күйін тартып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Мереке барысында барлығы Д.Нұрпейісова ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

## АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

Биылғы наурызда өңірлерде тегін таратылған наурыз көжеге, палауға таласқан жұрттың видеосы әлеуметтік желіні жаруға шақ қалды. Бір кесе көжеге бола бірін-бірі басып-жаншып, балағаттасып жатқан ағайындардың әрекетіне қарап «халық сонша аш жүрген жоқ қой» деп кейістік білдіріп жатқандар да, «тегін десе ұятты ұмытып кетеміз» деп ұлтты кінәлап жатқандар да бар.

## ТЕГІН ДЕСЕ, ТЕГІН ҰМЫТҚАН...

Қалиакбар  
ҰСЕМХАНҰЛЫ

Жалпы қазақтың тегін десе ұят, намысты қайырып қоятынын бұдан бұрын да көрдік. Қайсыбір қалада дүкенге жалаңаш кірсе, джинсы шалбар береміз деген жарнама шығарғанда қаракөз қыздарымыз таң бозынан барып кезекке тұрып, ақ тәнін ашып, шалбар ұтып алғанын да

жоғалды. Сондай қысылтаяң сәтте апат болған өңірлерге шұғыл түрде азық-түлік, құтқару бұйымдары жеткізілді. Жапон халқының мәдениеттілігі сондай, ел басына күн туып, аш-жалаңаш қалған сәтте де, ұлттық болмысын жоғалтқан жоқ. Қараусыз қалған үйлерді, дүкендерді ешкім тонаған жоқ. Әр өңірге жеткізілген азық-түлік белгіленген орынға



көргенбіз. Сол жолы да жұрт әлеуметтік желіде бірнеше күн оңдырмай сынады да, біраздан соң сап тиылғандықтан. Сол сияқты көже мен палауға таласқан көптең ерсі қылығы да көп ұзамай ұмытылады да, ертең және біреу тегін дүние таратса, оған да боққа таласқан қарғаша тағы үймелейтін анық. Неге? Себебі бүгінгі қазақ тегін десе, алтын жатса алмайтын дегдар тегін ұмытып кетті. Былайша айтқанда, ұят пен намыс қу құлқынның табанының астында қалды. Осыдан барып, біздің ұлт жадағайланып, жоқ нәрсеге желпілдеп жүретін жеңілтек халыққа айналып бара жатқандай...

Шымқаладағы палауға таласқан көріністі көргенде Жапониядағы жағдай есіме түсті. 2011 жылы 11 наурызда Жапониядағы 9 балдық жер сілкінісінен теңіз шайқалып, мемлекет ауыр экономикалық шығынға ұшырады. Әсіресе, зілзала орталығына жақын Фукусима, Ивате және Мияги сияқты жерлер цунамиден ауыр зардап шекті. 11 мыңнан астам адам өлді немесе із-түзсіз жайғастырылғаннан кейін жапондар оны өздігінен кезекке тұрып, бір-бірілеп алғанын біз телеарнадан көрдік. Керек десеңіз, сол арада тәртіпті қадағалап тұрған құқық қорғаушылар да жоқ. Бірақ жұрт кезекпен біреу тегін дүние таратса, бір тілім налп, бір құты су, бір тілім налп, бір алып кетіп жатыр. Артық алып жатқан немесе таласып, жұлысып жатқан бір жан жоқ. Бұған таң алтын жатса алмайтын дегдар тегін ұмытып кетті. Былайша айтқанда, ұят пен намыс қу құлқынның табанының астында қалды. Осыдан барып, біздің ұлт жадағайланып, жоқ нәрсеге желпілдеп жүретін жеңілтек халыққа айналып бара жатқандай...

Астана қаласы Қоғамдық кеңесі Қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам белсендісі Махаббат Махсұтқанқызы Еспеноваға жұбайы АХМЕТОВ ВАСЛАТ ДЖАВДАТОВИЧТЫҢ мезгілсіз өмірден озуына байланысты Қоғамдық кеңес мүшелері атынан қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## АСТАНАЛЫҚТАР ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Сүлейман Демирел атындағы университетте «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша XV республикалық пәндік олимпиада өтті. Тартысты додада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері жүлделі 2-орынға қол жеткізді.

Олимпиадада еліміздегі 17 жоғары оқу орнынан келген 51 жас журналист бақ сынады. Әр топ үш студенттен құралды. Сайыста олар күнделікті сабақ барысында алып жүрген білімін сарапқа салды. Болашақ мамандардың кәсіби қабілетін анықтау және талантты студенттерді қолдау мақсатында ұйымдастырылған жарысқа жоғары оқу орнының 2-3 курс студенттері қатысты.

Алматы облысы Қаскелең қаласында өткен олимпиада жаңа бағытымен ерекше болды. Үш кезеңнен тұрған додада жылдағыдай тест тапсырмасы болмады. Алғашқы кезең «кейіс шешу» деп аталды. Яғни бір білімгер медиа этика, фактілерді тексеріп қолдану, медиа сауат пен журналистикадағы құқық бойынша берілген жағдаяттарды дұрыс, нақты және толыққанды шешуі тиіс еді. Әр қатысушыға берілген бес кейіске кемі 4-5 сөйлемнің көлемінде жауап ұсыну



негізгі талаптың бірі болды.

Екінші кезеңде студенттер ақпарат жазудан жарысты. Қатысушыларға үш дереккөзден бір мәселеге қатысты ақпарат ұсынылып, олар осы үш түрлі ақпараттан бір журналистік мәтін дайындады. Бір күнде өткен екі кезеңде студенттің әрқайсысы өткір ойы мен ұшқыр қиялын қағаз бетіне түсірді.

«Мультимедиалы өнім дайындау» атты соңғы кезең олимпиаданың екінші күнінде өтті. Бұл кезеңде қатысушылар мобильді құрылғы көмегімен видео-стори форматында контент әзірледі.

Байқау нәтижесінде жүзден жүйріктер айқындалды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің

3-курс студенттері Айгүл Ержігіт, Индира Бержанова және Қадыр Әлиев үш кезеңнің қорытындысы бойынша 2-орынды қанжығаға байлады. «Күлтегін» аталған топ барлық кезеңнен сүрінбей, жеңімпаздардың қатарынан көрінді. Студенттердің өзгелердің ерекшелігі «Еңбек құқығыңа енжар қарама!» атты бейнөнім түсіріп, жоғары ұпайды иеленуінде еді. Сюжетте жұмыссыз жастардың құқығын қорғау, жұмыссыздықтың себебі мен салдары, екі қолға бір күрек таппай жүрген жастың бүгінгі жағдайы туралы айтылып, оған білікті психолог, заңгер, оқытушы секілді мамандармен қоса, жастардың да пікірі дәлел болды.

Студенттердің айтуынша, жауыр болған тақырыпты заманауи форматта көпшілікке көрсету басты мақсат еді. Осылайша астаналық студенттер республикалық додада университет намысын қорғап, жеңіспен оралды.

## АКТЕРЛЕР КҮРЕСЕДІ

Астанадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында қазақ күресінен театрлар арасында «Театр барысы» республикалық турнирі өтеді.

28 наурыз сағат 16:00-де болатын турнирдің басты мақсаты – еліміздің театрларында ұлттық спортты дамытып, қазақ күресін кеңінен дәріптеу, сондай-ақ Қазақстанның театр кеңістігіндегі актерлердің өнер мен спорттағы шығармашылық әрі әріптестік байланысын нығайту.

Жарысқа еліміздің 17

облысындағы театр және кино актерлерімен қоса жалпы есепте 48 актер қатысады. Жоба авторы – Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, театр және кино актері, үш дүркін «Өнер барысы», Музыкалық жас көрермен театрының актері Асылхан Төлепов.





## КҮЙ АТАСЫНА АРНАЛДЫ

Шуақты Наурыз мерекесі қарсаңында «Астана Операда» Күләш Байсейітова атындағы Камералық зал сахнасында аңызға айналған қазақ композиторы, домбырашылық мектептің негізін қалаушы, авторлық орындаушылық мәнерді қалыптастырушы, қазақ халық музыка мәдениетінің дамуына зор ықпал еткен тұлға Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығына арналған «Құрманғазы – рухты саздың сардары» концерті зор табыспен өтті.

Атақты күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай тыңдармандарға ұлы композитор Құрманғазының шығармашылығы жайында кеңінен әңгімелеп, дала данышпанының қиыншылыққа толы өмірі мен терең адамгершілік құндылықтары туралы жан-жақты айтып берді.

Концерт шымылдығын «Күй атасы» ашты. Жыр шашу ақын, «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысының жүлдегері Еркебулан Қайназаровтың орындауында шырқалды. Зал Құрманғазының көпшілік ұнататын «Айда бұлбұл, Айжан-ай» шығармасына да қол соқты, оны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтжан Тоқтаған сондай әсерлі, әрі жан тебірентерліктей етіп ұсынды.

Жалпы, бағдарламада Құрманғазының «Ақбай», «Байжұмадан» бастап, «Қайран шешем», «Күреңше», «Арба соққан» мен «Терісқақпай-



ға» дейін түрлі күйлері жинақталды. Оның күйлерінің көбі қазақ халқының азаттық сүйгіш рухын көтеретін ақындық ұранға, ұлттық тарихтың әуен тілімен жазылған ұлы эпопеясына тән болғаны белгілі. Халықты азат ету және

жеке бас бостандығы – оның шығармашылығындағы өзекті тақырып.

Құрманғазының күйлерімен қатар, көпшілікке Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» туындысы ұсынылды, оны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Ғалым Ахмедьяров шебер орындады, оның аспаптық интерпретациясы музыкалық ерекшелікке, мәнерлікке ие болып, көрермендер аудиториясының қошеметін туғызды.

Сондай-ақ Камералық зал сахнасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Орынбай Дүйсен, Тұрар Әлімбаев, Әбілғазы Ахмадиев, ҚР мәдениет қайраткері Марат Нүкеев, мәдениет саласының үздігі Еділ Басығараев, Бақытжан Дүйсенғазин, Қайрат Айтбаев, Алматы Сайжан, Батырлан Әбен, Жұмабек Қадірқұлов пен республикалық байқаулардың лауреаттары Ақжусан Иманғазықызы, Бауыржан Мұхаметбай, Бауыржан Бекмұханбет, Абылайхан Орманбек және тағы басқалары жарқырай өнер көрсетті.

Музыканттар домбырашылық өнер жанкүйерлерін Жантөре, Исламбек Бисақов, Нұргиса Тілендиев, Ахат Байбосынов, Манарбек Ержановтың және тағы басқаларының шығармаларымен таныстырды. Орындаушылардың аспаптық шеберліктері қазақ даласының асқақ рухын жеткізді. Шығармалардың көбі шынайы лирикалық сезімдерге толы болды, оларды залда отырған әрбір адам сезіне алды.



## ГОЛБОЛ – ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ЖАРЫСЫ

Бүгін елордада ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында голболдан «Сылдырмалы доп» республикалық жарысы өтеді.

Жарыста 150 оқушы сынға түсетін болып отыр. Бұл туралы Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы мәлім етті. 25-31 наурыз аралығында өтетін ерекше жарыстың қорытындысында «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы» номинациялары бойынша мықтылар анықталады. Жүлделі орындарға ие болған команда мен жаттықтырушылар кубок,

диплом және медальдармен марапатталады.

– Бұл жарыс спортты насихаттау және дамыту, мектеп жасындағы балаларды голбол сабақтарына тарту, сондай-ақ голболдан ұлттық құраманың резервін қалыптастыру үшін талантты ойыншыларды анықтауды көздейді, – дейді Спорттық іс-шаралар, статистика және аналитика бөлімінің басшысы Мира Мухамедиева.

## АҚ ҚАЙЫҢДАР ӨЛКЕСІНІҢ ӨНЕРІ

Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясы және ақ қайыңдар өлкесі Солтүстік Қазақстан өңірінің тұрғындары атынан жолданған бұл тамаша концерттік бағдарлама елордалықтарды тамаша көктем мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтады.

Концертте «Батырлар ізімен» хореографиялық аңыз көрсетіліп, қазақтың ұлттық билері «Қамажай», «Қара жорға» сахнада салтанат құрды, Шәмшінің әндері шырқалып, Үкілі Ыбырайдың «Гәккүй» орындалып, орыстың халықтық билері көрерменге ұсынылды. Қазақтың халық әндерімен қоса елімізді мекендеген өзге ұлттардың ұлттық билері мен әндері Наурыз тойының көрігін қыздыра түсті.

Наурыз мейрамы күндері астаналықтар және қала қонақтары керемет кештің куәсі болды. Астана қаласындағы «Мәңгілік» би ансамблі мен Ольга мен Михаил Лахтин хореографиялық мектеп-студиясының гала-концерті Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның сахнасында өткізілді. Сонымен бірге, концертке Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының солистері және аспапшылары қатысты.



Дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ МЕРЕКЕСІ

Шуақты Наурыз мейрамы «Астана Операда» кеңінен атап өтілді. Халықтық мереке күндері театрдың екі сахнасында да мазмұнды бағдарлама ұсынылды. 19-21-наурызда елорда тұрғындары мен қонақтары театрдың Үлкен залында танымал қазақстандық композитор Балнұр Қыдырбектің «Қалқаман – Мамыр» ұлттық опера-балеті тамашаласа, Ұлыстың ұлы күні – 22 наурызда К.Байсейітова атындағы Камералық залда сан алуан ұлттық әуендерге толы «Наурыз-думан» мерекелік концертіне келушілер көп болды.

– Біз Наурызды жыл сайын қызықты етіп өткіземіз. Елордалық көрермендер бұл мерекені біздің театрда халық әндерінсіз өтпейтінін, сахнаның киіз үй түрінде безендіріліп, әртістер ұлттық киімде болатынын жақсы біледі. Наурыз – барлық

шығыс халықтарына ортақ мейрам болғандықтан, ал Қазақстан түрлі ұлыстардың ортақ шаңырағына айналғандықтан, концерт бағдарламасына ұлтаралық бірлік, татулық пен келісімді паш ететін туындылар енді. Опера труппасының солистері мен

Astana Opera академиясының болашағын үміт күттіретін жас вокалистері қазақстандық композиторлар жазған туындыларды, ұлттық опера-лардан арияларды шырқайды. Сондай-ақ көрермендерді флейтада, қазақтың ұлттық аспаптары – домбыра мен

қобызда жеке орындаулар күтеді. Концертте орындалатын нөмірлер көктемдей шуақты, көңілді әрі жарқын, – деді театрдың музыкалық кеңесшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Бескембиров.

## ЕЛОРДАЛЫҚТАР ТОП ЖАРДЫ

Астана қаласындағы «Алау» мұз айдынында конькимен жүгіруден IV қысқы Жастар спорт ойындары мәресіне жетті. Шешуші жарыс күні 1500 метр мен масс-старттан үздіктер анықталды.

Әйелдер арасында 1500 метрде елордалық Алина Дауранова дараланса, Дарья Гаврилова (Астана) күміс, Алёна Лифатова (Павлодар облысы) қола медальге қол жеткізді. Ерлер арасында бірінші және екінші орынды қостанайлық Вадим Якубовский мен Роман Биназаров алса, үшінші орын алматылық Михаил Глуценкоға бұйырды.

Ұлттық құрама спортшысы Алина Дауранова масс-стартта да мәреге бірінші келіп, осы ойындардағы 6-шы алтынын мойнына тақты. Қалған жүлдені Солтүстік Қазақстан облысының өкілі Кристина және Алина Шумеквалар иеленді.

Осы маусымдағы соңғы жарыста сәтті өнер көрсеткен

жерлесіміз Алина Дауранова жарыстан кейін былай деді: «Үш күнде 6 алтын медаль алдым. Енді аз-кем демалыстан соң келесі маусымға дайындықты бастаймыз».

Ерлер арасындағы тартысты сында алматылық Абдумәлік Асқардың мерейі үстем болды. Ол командаласы Михаил Глуценко мен елордалық Руслан Жанаділовтен бір табан алда болды.

Конькимен жүгіруден IV қысқы Жастар спорт ойындарында жалпы есепте Астана қаласы жеңіске жетсе, Қостанай облысы екінші, Алматы қаласының командасы 3-сатыға тұрақтады.

